

ҚАЗАҚСТАН МҰҒАЛІМІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1935 жылғы
20 наурыздан шығады

Газет айына екі рет шығады

№ 6 (3489), 31 наурыз, 2017 жыл

Еркін баға

Қаз Ақпарат

ҰБТ өткізуден босатуды ұсынды

Мәжілістегі Қазақстан коммунисттік халық партиясының депутаттары орта мектептерді Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізуден босатуды ұсынды. «Қазіргі кезде ҚР Білім және ғылым министрлігі ҰБТ-ны тапсыру бойынша шараларды ұйымдастыру жауапкершілігін мектептерге жүктейді. Бұл бағыттағы жұмыстарда мектеп түлектерін жинау, тиісті орынға дейін автокөлікпен қамтамасыз ету, тамақтандыру, ал кейбір жағдайларда тұрғылықты жерін қамтамасыз ету ескерілуі мүмкін. Атап айтқанда, аттестат алған түлектер мектептегі оқу процесінің қатысушысы болып табылмайды. Осы ретте ҰБТ-ны ұйымдастыру мен өткізуге мұғалімдерді тарту оларға тиесілі емес қызметтерді орындау болып табылады», - деді депутат Ирина Смирнова. Депутат тестілеу шаралары мұғалімдердің еңбек демалысы кезінде өтетінін, сондықтан ұстаздарды қайта шақыртып алу нұсқаулары жүргізілетінін атап өтті. Смирнова ағымдағы жылы жаңа форматқа сәйкес, түлектер орта білім туралы аттестат алу үшін мектепте емтихан тапсыратынын, кейіннен жоғары оқу орнына түсу үшін Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысатынын еске салып өтті. «Осы мәселеге байланысты мектеп ұстаздарын ҰБТ-ны ұйымдастыру міндетінен босату қажет деп санаймыз, сондай-ақ ҰБТ қорытындысы бойынша мектеп рейтингін құру тәжірибесін доғарған дұрыс болады деп пайымдаймыз», - деді ол.

Руслан ГАББАСОВ.

“Қазақстан
мұғалімі”
газетіне әр
айдың
10-ына дейін
жазылсаңыз,
келесі айдан
бастап
қолыңызға
тиеді.

Сертификат алды

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне орай Қызылордадағы №10 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей-интернатында «Қош келдің, әз Наурыз!» атты шара өтті. Оған лицей ата-аналары

және оқушылар қатысты. Лицейдің 7-10 сыныптары өздеріне таңдау арқылы түскен ұлттар тілінде ән салып, би биледі, салт-дәстүрі, мәдениетімен таныстырды.

Қазылар алқасы сыныптар жасаған көрмемен де танысты. Оған әр ұлттың тарихынан хабар беретін жәдігерлер мен ұлттық тағамдары қойылды. Сайыс нәтижесінде жеңімпаздар 10 000, 15 000, 20 000 теңгелік сертификаттармен марапатталды.

Елубай ӘУЕЗОВ.

ҰБТ-дан босатыл- майды

Биылғы жылы халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары да ҰБТ-ға қатысатын болады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде «2016-2017 оқу жылында жалпы орта білім беру мектептеріндегі қорытынды аттестаттаудың жаңа форматы» тақырыбында өткен баспасөз мәслихаты барысында Павлодар облыстық білім беру басқармасы басшысының орынбасары Жомарт Қарамбаев мәлім етті. «Ерекше үлгідегі аттестатқа үміткерлер мен “Алтын белгі” иегерлері, жалпы білім беру пәндері бойынша халықаралық,

республикалық олимпиадалардың, ғылыми жобалар бойынша түрлі сайыстардың жеңімпаздары жалпы негізде тест тапсыратын болады. Дегенмен мұндай санаттағы түлектерге жеңілдіктер қарастырылған. Мәселен, екі талапкер де тең дәрежеде ұпай жинаған болса, “Алтын белгі” немесе ерекше аттестат иегеріне басымдық беріледі», - дейді Жомарт Қарамбаев. Еске сала кетейік, былтыр 2016 жылы ҚР «Білім туралы» Заңының мектеп бітірушілерін ҰБТ-ға қатысудан босату бөлігіне өзгерістер енгізуге байланысты соңғы үш жылда жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен байқаулардың жеңімпаздары атанған 43 мектеп бітіруші ұлттық бірыңғай тестілеуден босатылған болатын.

Спорттық құралдармен жабдықталмақ

Павлодар облысының орташа білім беру ұйымдарының арасында «Самұрық-Қазына» АҚ және «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры «Биіктерге бірге!» атты байқау жариялады. Облыстық білім беру басқармасының мәліметінше, өңір басшысының қолдауымен өткізілетін байқаудың мақсаты – балалар және жастар арасында салауатты өмір салтын дәріптеу, көшбасшылық қабілетті дамыту және мектептерде жаңа стандарттар мен технологияларға сәйкес спорттық құралдарды сапалы жаңарту. Барлық қатысушы мектептер дипломмен марапатталады деп хабарлайды pavlodarnews.kz. Бейнеролик түрінде жіберілген сұранымдар байқау сайтында жарияланады. Жеңімпаз атанған 70 мектеп спорттық құралдар мен оны пайдалануға арналған әдістемелік алады.

Критериалды бағалау

Қалаттық семинар

Жаңа заман талабына сай білім саласындағы жаңа бағыттардың бірі – критериалды бағалау. Жаңартылған білім мазмұны бойынша оқушының білім-білік дағдысын анықтау үшін критериалды бағалаудың маңызы зор.

Осы орайда Алматы қаласы Білім басқармасы жанындағы «Қалалық әдістемелік кабинет» Ғылыми-әдістемелік зертхана және Алматы ауданындағы № 67 жалпы білім беретін мектептің ұйымдастыруымен «Оқушы білімін критериалды бағалау тәсілдері» атты қалалық семинар өтті.

Семинардың ресми бөлімін қалалық әдістемелік кабинеттің ғылыми-әдістемелік зертханасының әдіскері Карима Мадалимова ашып, семинардың максат-міндеттерімен таныстырып өтті.

Мектеп директоры Бейбіткүл Демеуова мектептің жетістіктеріне тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлмира Қабланбекова «Критериалды бағалау – сапалы оқу кепілі» тақырыбында баян-дама жасады. Баяндамада Гүлмира Қасымханқызы білім беру жүйесінде жаңартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны, критериалды бағалау, қалыптастырушы бағалау мен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тиімділігі, зерттеулер мен талдаулар бағытындағы жұмыстарды ерекше атап өтті. Сонымен қатар, критериалды бағалау мұғалімдер үшін де сапалы нәтиже алуға ықпал ететін критерийлерді құрастыруға, өз жұмысын талдап, жоспарлау үшін ақпарат алуға, оқу үрдісінің сапасын жақсартуға, әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, бағалаудың әртүрлі тәсілдері мен құралдарын қолдануға, оқу бағдарламасының мазмұнын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге мол мүмкіндік беретінін тілге тиек етті. Сондай-ақ, мұғалімдеріне әдістемелік қолдау көрсету мақсатында коучингтер, тренингтер ұйымдастырып, бағалаудағы

іс-тәжірибені таратуға, қалыптастырушы жиынтық бағалауды жүзеге асыруға қатысты кеңестер бергендігіне және білім беру үдерісінде ұштаған, яғни мұғалім-оқушы-ата-ана арасындағы байланыс үлкен рөл атқаратындығына тоқталды.

Семинардың практикалық бөлімінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері: И. Байманасова, А. Айманбетова және бастауыш сынып мұғалімдері: П. Елеубаева, Г. Тәукешова ашық сабақтар көрсетіп, өз тәжірибелерімен бөлісті. Іс-шараның келесі бөлімінде орыс тілі пәні мұғалімі С. Джанабаева, ағылшын тілі пәні мұғалімі М. Қадырбекова, бастауыш сынып мұғалімі А. Берлібек қатысушылармен ықшам сабақ өткізді. Ықшам сабақта оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың ережелеріне сүйене отырып, оқушыларды жақсы оқуға жетелеп, оның өсу қарқыны мен біліміндегі ақауларды анықтауға болатындығына көз жеткізді. Тапсырманы орындау барысында қатысушыларға ең алдымен критерий таныстырылып, олардың неден бағаланатынын айтты. Критерийлер оқу тапсырмасының дұрыс орындалу жолдарының айқын, нақты көрсетілген көрсеткіштерінен тұратындығын, ал сол көрсеткіш бойынша бағалау – оқушының белгіленген мақсатқа қаншалықты жеткендігінің дәрежесін анықтауға болатындығын көрсете білді.

Қатысушылар ықшам сабаққа белсене атсалысты. Семинарды қорытындылау кезінде қатысушылардың кері байланысы, пікірлері мен ұсынысы ерекше болды. Қатысушылар бағалау критерийлері аясында пікір алмасып, алдағы уақытта бірлесіп жұмыс жасауға ынтымақтастық ниеттерін білдірді.

Заман көшінен қалмау үшін, білім беру үдерісінде жаңалықты жатысынбай қабылдау – бүгінгі уақыт талабы.

Х. ТАРАҚОВ,

№ 67 жалпы білім беретін

мектептің мұғалімі.

Алматы қаласы.

2




Сандық
технология білім
беру кеңістігінде

4

Кітапханадағы
инновациялық
тәжірибелер

5

Іскерлік



қатынас

6

Эссе
түрінде
өткізіледі

Заманауи білім беру жүйесі

Қазақстандық заманауи білім беру жүйесінің алдына жаңа басымдықтар қойылды.

Өз баяндамасында Ерлан Кенжеғалиұлы экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыруы сандық технологияны қолданғанда ғана мүмкін екендігін айта отырып, осыған байланысты білім саласының алдында шұғыл шешуді қажет ететін маңызды міндеттер тұрғандығын мәлім етті, бұл – ең алдымен, білім ұйымдарын компьютермен, әрбір мектеп, әрбір сыныптың интернетке қолжетімділігін қамтамасыз ету міндеті.

Қойылған міндеттерді шешуде адамдардың заманауи ақпараттық және коммуникациялық технологияларды меңгеруі түйінді роль атқарады. Өйткені ақпараттық технологияларды

Еркін ИСИМБАЕВ,

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы

«Ақмола облысы бойынша ПҚ БАИ» директоры.

Сандық технология

пайдалана алатын, заманауи ақпараттық-коммуникативтік технологияларды меңгерген адамдар ғана заманауи әлемге сай өмір сүре алады. Сонымен қатар бүгінгі күні ақпараттық және коммуникативтік технологияларды енгізу, пайдалану деңгейі мен қарқыны көбіне экономика жағдайын, тұрғындардың өмір сүру сапасын, ұлттық қауіпсіздікті, заманауи әлемдегі мемлекеттің орнын анықтайды.

Білім беруді ақпараттандыруды технологиялық дегенге қарағанда, педагогикалық феномен деп айтуға болады. Мектептің алдына қойылған міндеттерді табысты шешу, сандық білім беру ортасын дамыту білім беру мазмұнын жаңартумен, оқыту максаттарымен, жаңа білім стандарттарын меңгерумен, оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеумен, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың жаңа формаларын енгізумен тығыз байланыста болуы тиіс. Мұның барлығы мұғалімнің кәсіби деңгейін үнемі арттырып отыруды, педагогикалық еңбек мәдениетін жаңартуды талап етеді.

Заманауи мұғалімнің кәсіби жұмысындағы АКТ-құзыреттілік педагогтің кәсіби міндеттерді сандық технологияларды пайдалана отырып шешу қабілеттілігі ретінде түсініледі.

Осылайша, Қазақстан Республика-

сы білім беру жүйесін дамытудың басым проблемаларын педагогтерге АКТ саласында қосымша білім беру, кәсіби білім, білігі мен дағдыларын үздіксіз алу және жаңартып отыруға мүмкіндік беретін біліктілікті арттыру арқылы тиімді шешу жолдары мемлекеттік деңгейде белгіленген.

Қазақстандық білімді жаңғырту оқытуда АКТ-ны пайдалану саласында мұғалімдерді дайындаудың әдістемелік мәмәтініне кіретін жаңа факторларды ескеру қажеттігіне әкеледі: пәнді оқытуды ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету (білім стандарты, оқу жоспарлары, бағдарламалар және т.б.); ғылыми және технологиялық тұрғыдағы пәндік саланың жағдайы, ақпараттандырудың бағдарламалық-аппараттық құралдары;

маларына көшу.

- Мектептерге робототехниканы енгізуге мұғалімдерді дайындау.

- Мектептердегі электронды құжат айналымын пайдалану бойынша мұғалімдердің кәсіби деңгейін арттыру: электронды күнделік, электронды журнал және тағы басқа.

Институттың материалдық-техникалық және ақпараттық

күшейту жаңа форматты мұғалімдерді дайындау бойынша ұжым қызметіне жаңа қарқын берді. Электронды оқыту тәжірибесін зерттеу бойынша Оңтүстік Кореядағы (Сеул және Саншил Кибер университеттері) халықаралық еңбек тәжірибесінен өту нәтижесінде институттың ақпараттық технологиялар кафедрасы «Smart-технологияны мектептің оқу үдерісіне енгізу» экспе-



білім беру кеңістігінде

АКТ саласындағы арнайы дайындық. Мұғалімнің кәсіби сапалары оқытудың, оның ішінде АКТ базасында жаңа әдістерді, формалар мен құралдарды меңгеріп, өз жұмыстарында пайдалануға дайындығына, білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру мақсатында өз кәсіби тәжірибесін кіріктіре білу қабілеттілігіне, оның ақпараттық қоғам талаптарына сәйкестігі дәрежесіне байланысты болатыны айқын бола түседі.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Ақмола облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты АКТ-ны қолдану бойынша келесі бағыттарда жүйелі жұмыс жүргізіп келеді:

- Біліктілікті арттыру жүйесіндегі Smart – білім.
- Педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттырудың қашықтық фор-

әдістемелік жағдайы барлық пән салаларын техникалық жабдықтау мен жарактаудың толық комплектісін қамтамасыз етеді: компьютерлер, принтерлер, сканерлер, web-камералар, проекторлар, интерактивті тақталар, қолжетімді интернет.

Педагогикалық жағдайлар курс сабақтары барысында АКТ ресурстарын кіріктіретін интербелсенді білім беру Smart-ортасының ашық жүйесін, сандық білім беру ресурстарын пайдалануды, сонымен қатар филиал оқытушыларының өз сандық білім беру ресурстарын, әдістемелік ұсынбаларын әзірлеуді қамтамасыз етеді.

Институт қызметкерлерінің халықаралық еңбек тәжірибесінен өтуі, қосымша білім беру ұйымдарымен, алыс және таяу шетелдердің ғылыми орталықтарымен ынтымақтастықты

рименттік жұмысын бастады. Эксперимент жұмысына Бурабай ауданы Шұчыс қаласындағы №8 мектеп-гимназиясы мен Зеренді ауданы, Зеренді ауылының М. Ғабдуллин атындағы орта мектебі қатысады. Филиал қызметкерлерінің аталған зерттеу жұмысы облыс мектептерінде Smart-құрылғыларды пайдалану отырып, оқушыға бағытталған жаңа типтегі ақылды, бейімделген оқыту үшін жағдай жасауға бағытталған.

Біз қысқа мерзімді курстарды ұйымдастыру тәсілдерін жетілдіреміз. Жаңа мазмұнды, сонымен қатар ұйымдастыру формаларын іздеу педагогтің дамуы және өзін-өзі дамытуының ашық білім беру ортасын құруға бағытталған.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды белсенді енгізу қашықтан біліктілікті арттыру курс-

тарын енгізуге мүмкіндік береді. Бұл біздің облысымыз кіретін солтүстік аймақтардың шағын жинақталған мектептері мұғалімдерінің жұмыс ерекшелігін ескерген жағдайда аса маңызды. Қысқы уақытта бұл мұғалімдердің курсқа шығуына қиындық туындайды. Бізді қызықтыратыны – педагогтерді курстық дайындыққа тартқан жағдайда шағын жинақталған мектептердегі оқу үдерісіне кедергі жасау проблемаларын шешу.

Біліктілікті арттыру жүйесіндегі оқытудың инновациялық формаларының бірі – аралас оқыту (Blended learning), бұл оқытушының қатысуымен тыңдаушының оқыту жолдары, уақыты, орны мен қарқынын өзі бақылайтын элементтерді көздейтін бетпе-бет және офф-лайн режимдегі оқытуды біріктіретін білім беру тәсілі.

Дәстүрлі баспа шығарылымдарынан ең заманауи компьютерлік технологияларға (телевидение, аудио/бейне трансляциялар, аудио/бейне конференциялар, интернет-конференциялар, интернет-трансляциялар) дейін пайдаланылатын технологиялардың бірнеше буыны ауысты. Оқытудың жаңа формаларын енгізу курс өткізу шығынын азайтуға ғана емес, сонымен қатар оқыту сапасын заманауи құралдарды, ауқымды электронды кітапханаларды қолдану есебінен арттыруға мүмкіндік береді, педагогтер үшін бірыңғай білім ортасын құрады.

2017 жылы 35 қосымша білім беру педагогін және 25 балабақша тәрбиешілерін Blended learning форматында оқытуды жоспарлап отырмыз.

Білім беру мазмұнын жаңартуға көшуге байланысты елімізде педагогтерді жалпы білім беретін мектептерде робототехниканы оқытуға дайындық жүріп жатыр. 2017 жылдың екінші жартыжылдығынан бастап, институтымыздың базасында 120 информатика пәні мұғалімдерінің робототехникадан LEGO және ARDUINO модульдері бойынша курстары басталады.

«Педагог-оқушы-ата-ана» интерактивті коммуникациясын жүзеге асыру мақсатында «Күнделік» жобасын республика мектептерінде жүзеге асыру білім беру үдерісіне озық ақпараттық-коммуникативтік технологияны кіріктіруді, педагогтерде АКТ-құзыреттіліктің қалыптасқандығын талап етеді. Осыған байланысты филиал қызметкерлері педагогтердің жұмысында туындайтын сұрақтар мен проблемаларға қарай әрекет ету жүйесі әзірленген.

Осылайша, біліктілікті арттыру жүйесі педагогтердің психологиялық, технологиялық, мазмұндық және әлеуметтік-психологиялық дайындығын тарату орталығы әрі ақпараттық-коммуникативтік технологиялар негізінде тілдесу және кәсіпаралық коммуникация орталығы бола алады.

Ақмола облысы.

Сабақ жоспары

Ағылшын тілінен ашық сабақ

Оқушыларды ай аттарымен таныстыру, сөздік қорын молайту, жаңа мәтінмен таныстыра отырып жеке және рольдік түрде жұмыс жасауға үйрету, сөйлеу, оқу, жазу қабілеттілігін дамыту қазақ тілі, математика, географиямен байланыстырып, СТО стратегиясын, жеке, топтық жұмыс, сұрақ-жауап әдісімен интерактивті тақтаны пайдаланып өткен сабағымыздың мақсаты болды.

Сабақты фонетикалық жаттығу жасаумен бастадық. Одан әрі жаңа сабақ төмендегідей өрбіді.

Мұғалім: Құрметті оқушылар! Сендерді көргеніме қуаныштымын, себебі бүгін бізде ерекше сабақ. Бүгін біз жыл мезгілдеріне саяхат жасаймыз. Біз өз білімдерімізді көрсетуіміз керек. Әр мезгілдің тапсырмалары берілген. Меніңше біздің саяхатымыз өте қызықты өтетін сияқты.

Қанекей, біз саяхатымызды бастайық және жыл мезгілдерімен танысайық.

Бірінші саяхатымыз «Қыс».

Екінші саяхатымыз «Көктем».

Үшінші саяхатымыз «Жаз».

Төртінші саяхатымыз «Күз».

Қыс мезгіліне қош келдіңіз!

1-ші тапсырма: а) Үй тапсырмасын сұрау.

Мәтін оқу

ә) Сөздік қайталау

- Сөйлемдерді толықтыру.

б) Сұраққа жауап беру:

- Бір жылда қанша мезгіл бар?

- Сенің сүйікті мезгілің қандай?

- Бүгін ауа-райы қандай?

- Бір жылда қанша ай бар?

2-ші тапсырма: Бүгінгі жаңа сабағымыздың тақырыбы «Ауа райы».

Бір жылда 4 мезгіл бар. Олар: қыс, көктем, жаз, күз. Қазір қыс мезгілі. Бұл мезгілде ауа-райы өте суық және аяз болады. Барлық елдерде және біздің өңірімізде қыс ерте түседі. Біздің Бейнеуде қыс мезгілі өте суық және қарлы болады. Әр мезгілде 3 ай бар.

Үшінші тапсырма: Жаңа сөздермен танысу.

Біз айлар аттарымен танысамыз.

қантар

шілде

ақпан

тамыз

наурыз

қыркүйек

сәуір

қазан

мамыр

қараша

маусым

желтоқсан

Ай аттары ағылшынша жазылады.

Төртінші тапсырма: ағылшын тілінде «Бақытты туған күн» әні айтылады.

Көктем мезгіліне қош келдіңіз.

1-ші тапсырма: 2-жаттығу. Суретке қарап сандарды табу.

2-ші тапсырма: Жұмбақ шешу.

Жаз мезгіліне қош келдіңіз

1-ші тапсырма: СТО стратегиясы (мәтінмен жұмыс).

Мезгілдер мен айлар

Бір жылда 4 мезгіл бар. Олар: қыс, көктем, жаз, күз. Көктемде күн қысқарады, түн ұзарады. Шілде, тамыз айлары өте ыстық болып келеді. Күзде ауа-

райы жаңбырлы болып келеді.

V	+	-	?

Екінші тапсырма: 3-жаттығу. Өз елі туралы

сөйлесу.

Күз мезгіліне қош келдіңіздер

1-ші тапсырма. 4-жаттығу. Сандарды жазу.

2-ші тапсырма. 5-жаттығу. Оқу, суреттер мен

сөйлемдерді байланыстыру.

Сабақты бекіту.

А) Тест сұрақтары (6 сұрақ)

Б) Бекіту сұрақтары

Бағалау.

Үйге тапсырма беру.

Ұлдай ҚАУНБАЕВА,
Манашы орта мектебінің мұғалімі.

Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы.

Айтайын дегенім...

Біздің замандастарымыз Кеңес дәуірінде білім алып, қызметтің негізгі бөлігін сол кезеңде атқарды. Сол кезеңмен егемендік алғаннан бергі 25 жылда жеткен жетістіктерімізбен шешімін таппай тұрған мәселелерді саралауға мүмкіншілік туып отыр. Бір ғана білім саласын алып қарайық. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев бұл салаға жете көңіл бөліп отыр. Мектеп жасына дейінгі балаларды балабақшамен қамтамасыз етуде зор жетістіктерге жетіп жатырмыз. «100 аурухана, 100 мектеп» бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр. Үш ауысымда оқитын

мектептердің саны күрт азайып келеді. «Болашақ» бағдарламасымен ш е т е л д е н білім алып, халықшаруашылығын дамытуға үлестерін қосып жатқан мамандардың саны жылдан жылға артып келеді. Осылай жетістіктерімізді тізбектей беруге болады. Білім саласына шетелдік тәжірибелерді енгізіп, білім берудің озық тәжірибелері енгізіліп, жақсы нәтижелерге жетіп жатқан мектептердің саны көптеп саналады. Онымен қоса әліде шешімін таппай жатқан проблемалар жоқ емес. Кеңес дәуірінде тұрақты оқулықтарға айналып, жылда жетілдіріліп, оқушының қолына тиетін. Қазір жаңа министр келсе өзінің реформасын кіргізіп, бастай бастайды да, оқулық өзгеріп шыға келеді. Ол реформа аяқсыз қалады. Орнына жаңа адам келеді де, басқаша бастайды. Міне, осылай білім саласын дамытуда қолайсыздықтар туындауда. Мысалға биыл бірінші сыныпқа «сауат ашу» деген пән енгізілді. Бүгінгі бірінші сыныпқа барған балалардың көпшілігі балабақшада тәрбиеленгендер, олар сауаты ашылғандар. «Сауат ашу» - деген сөздің өзі ұяттау сияқты. Бүгінгідей ақпараттық техниканың дамыған заманында сауатсыз баланы табу өте қиын.

Орыс тілді мектептерде «Букварь» сақталған, ал біздің «Әліппе» кітабымыз неге кінәлі болып қалды. Қазан төңкерісінен кейін біздің әке-аналарымыз, ата-әжелеріміз ғұмырында кітап көрмеген, қалам ұстамаған тұста болды. Қазір бұл пәнді басқаша өзгерткен дұрыс болатын шығар деп ойлаймын. Бала әріп пен санауды үйренуі керек қой. Сонда да ол сауатты болудың жолына түседі.

Тіл мәселесіне келетін болсақ, онда да түйіні шешілмеген мәселелер жеткілікті. Үш тілділік жақсы, өмірде қажет. Бірақ соны қай уақытта, қандай кезеңмен кіргізу керектігін ғылыми негізде жүргізген дұрыс болатын шығар деп ойлаймын. Бірде жарты ғасырдан астам уақыт таза қазақ мектебі болып тұрған мектеп ғимаратының жанынан өтіп бара жатып байқағаным, оқушылардың көпшілігі ресми тілде сөйлеп жүр. Бұл дегеніңіз, меніңше, мемлекеттік тіл өз дәрежесіне көтерілмей тұр. Барлық жиындар жоғарыдан төмен қарай көбіне ресми тілде өткізіледі. Оның құжаттары жиыннан кейін мемлекеттік тілге аударылып, тігіп қойылады. Меніңше барлық шаралар мемлекеттік тілде өткізіліп, қажет

болған жағдайда ғана ресми тілді енгізу керек. Сонда ғана мемлекеттік тілге қызығушылық болады. Байқасаңыздар көп жылдан бері орыс тілді мектептерде қазақ тілін оқытып жүрміз. Нәтижесі қандай? Өте төмен. Ал қазір ағылшын тілін бұрын оқымаған жастар өздігінен үйреніп жатыр, өйткені қажеттілігі туды. Әр нәрсені сатылап іске асырып отырсақ, еңбегіміз нәтижелі болар еді. Алғашқы сатыда 1-4 сынып аралығында ана тілін жетік меңгеруге көңіл бөлсек, содан кейінгі сатыда 5-7 сынып

аралығында шет (ағылшын) тілін жақсы игеруге мүмкіншілік жасасак, ең соңында 8-11 сыныптарда біраз пәндерді шет тілінде оқытсақ ұтармыз көп болар еді деп ойлаймын. Мектепті бітірмей еңбекке, белсенді өмірге жастар араласа қоймайды. Қазір шет тілін жақсы игерген ұстаздарда өте аз. Жеделдетілген әдіспен дайындаған оқытушылар пәнді өз дәрежесінде өткізе алмайды. Сондықтан бұл жасөспірімдердің келешегіне байыппен қарап, асығыстық жасамаған дұрыс болар еді.

Қазір әр сала мектепке өз саласын пән ретінде енгізуге ұсыныс жасап жатыр. Мектептердегі пәндердің көптігі баланың денсаулығын сақтауға, өзін-өзі қорғауға кері әсерін тигізуде. Мысалы бірінші сыныпты алайық. Бала түске дейін (8.30-13.00) мектепте, үйге келгеннен кейін кемі екі-үш сағат (14.00-17.00) тапсырмаларды орындайды. Одан кейін атананың немесе өзінің қалауымен бір үйірмеге (домбыра, шахмат, жүзу т.б.) қатысады. Оған екі-үш сағат уақыты кетеді. Сонда бала қай уақытта таза ауада еркін жүріп дем алады. Онымен қоса балалар қазір сенсорлық телефондармен немесе планшетпен әуестеніп біраз уақытты сонымен жояды. Меніңше пәндердің санын көбейткен оқушыларға қосымша жүктеме. Дінтану пәнін кіргізу керек деп жатыр. Таяуда Бас муфти Ержан қажы бір сұхбатында: «...Қарапайым сөзбен айтқанда, ислам – барлық пендеге адам деген жоғары атқа лайықты өмір сүруді үйрететін соңғы дін. Өзіңізді бағып-қағып өсірген аяулы ата-ананызға қамқорлық таныту, жақындарыңызға жақсылық жасау, отбасыңызға үлгілі әке, өнегелі ана болу, балаларыңызға дұрыс тәрбие беру, көршімен көркем қарым-қатынас орнату, адал жолмен табыс табу, мемлекеттің мүлкіне қол салмау, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсету, міне, осы айтылғандардың жиынтығы – дін...» - деді. Міне, осы айтылғандардың бәрі тәрбиелік жұмыс. Әрбір ұстаз өз пәнімен тәрбиелік жұмыс жүргізіп отырса, ата-ана үйде жат қылықтардан аулақ болуына көңіл бөлсе, қоғам бұқаралық ақпарат құралдарымен адамгершілікке тәрбиелеу

бағдарламаларын жүйелі жүргізсе, бала басқа ағымдарға бұрылмай, адами қасиетін сақтауға тырысады. Діни сауаттылықты пән арқылы емес, тәрбиелік жұмыс арқылы бала санасына жеткізуге болады. Бұл бір мысал.

Мұғалімдердің жұмысы ауыр, жалақылары мардымды емес. Біз оқыған, қызмет жасаған кездерде мектептерде ұстаздардың көпшілігі ер адамдар болатын. Қазір керісінше. Астана қаласының бір мектебінде сегіз басшының біреуі ғана ер адам. Қатардағы

ұстаздардың басым көпшілігі әйелдер. Неге олай? Қазір педагогикалық оқу орындарына басқа мамандыққа өте алмағандар, көбіне қыз балалар барады. Мұғалімдік мамандықтың беделі өте төмен. Қағазбастылық басым. Мұғалімге бәрі

кожа, тіпті оқушылардың өзі бағынғысы келмей, ұстаздың кішкене кателігін немесе жүйке жүйесі таусылғандағы келеңсіз әрекетін таудай қылып, әлеуметтік желіге беріп жатады. Енді мұғалімдер «жемқор» болуға айналды. Бюджеттік қаржы жетеді дейміз, шындығында барлығына жетіспей жатады. Мен аудандық білім саласын басқарып жүргенде, аудан әкімі сіздерге аудан бюджетінің жартысынан көбін бердік, сол жетпейме дейді. Ол күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге де жетпейтін. Сыныптардың ішкі жөндеу жұмыстары пән кабинеттерінің меңгерушілерінің мойнында болатын. Білімді оқушы білімді ұстаздан шығады. Сол жағына үкімет жете көңіл бөлсе дұрыс болар еді. Оқу орындарында еркек ұстаздардың ара салмағының күрт артуы өте қажет.

Ұлттық бірінғай тестілеудің (ҰБТ) айналасында жылда шу. Ренжіген ата-ана, жылаған мектеп бітірушілерді жылда маусым айында теледидардан көреміз. Жылда эксперимент жасау. Биыл да өзгеріс жасап жатыр. 120 сұраққа 140 балл алу керек. Оны қалай түсінуге болады. Көбіне оқушы бір сұраққа бір ғана жауап береді. Жалпы білім саласын жетілдіруге, тұрақтандыруға педагогика, психология т.б. пәндердің ғалымдары неге белсене араласпайды. Осы мәселелерді шенеуніктер емес, ғалымдар ғылыми негізде шешулері керек. Реформа реформа үшін емес, оқушы мен ұстазға пайдалы негізде жүргізілсе білім саласы өз дәрежесіне көтерілер еді. Экспериментті тоқтатып уақыт жетті. Жапондардың ұстаған бағыты көңілге қонымды. Олар: «...батыстың жетістіктерін аламыз, ұлттық рухымызды сақтаймыз...» - дейді. Ұлттық идеология болып, ұлттық тәрбиені жандандыру өте қажет.

Егемендігіміздің 25 жылдығын лайықты қарсы алдық, енді әрбір білім саласының қызметкері, ата-ана, қоғам бірігіп білім саласын өз дәрежесіне, бүгінгі, ертеңгі талапқа сай биіктікке көтереді деген сенімдемін.

Еркін ДӘУЕШҰЛЫ,
ардагер-ұстаз, Қазақстан журналистер Одағының мүшесі. Астана.

Өткен жылы Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығын атап өттік. 1991 жылы 18 қарашада Қазақ КСР жоғарғы кеңейту шешіміне сәйкес республиканың министрлер кабинеті «Ауылдық жерлерде жұмыс істеуге тілек білдіруші байырғы ұлт адамдарының басқа респуб-

еңбек жолын жалғастырған тарих пәні оқытушылары А.Ералиев, Т.Қарашбаева және М.Тулегенова апайлардан үйренгенім көп болды. Бұл ұстаздар қазіргі таңда ардагер ұстаздардың қатарында. «Көш жүре түзеледі» демекші, кейде Моншақ апай келген кез-

• Бір шаңырақ астында

Біздің мектепте

ликалардан және шет елдерден қазақ еліне көшіп келу тәртібімен шарттары туралы» Елбасының қаулысы қабылданған еді, міне, осы қаулының қабылданғанына да 25 жылдан асты. Содан 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған жылы демографиялық жағдайымыз

дері тіл үйрену қиын болғанын, сол бір кездегі қағазбастылықтың әлегінің сергелденге салғанын әлі күнге есіне алып күліп айтып отырады. «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», - дейді дана халқымыз.

Дегенмен өзінің пысықтылығы мен зеректілігі арқасында қазақ



көршілес мемлекеттер мен салыстырғанда өте төмен болатын. Сонда қазақтың саны 40 пайыз болған екен, ел еңсесін тіктемеген сол бір елең-алаң заманда елбасымыз Н.Ә. Назарбаев қазақ радиосынан өз қандастарымызға үндеу жолдады, сонда біз тәуелсіздік алдық, ата жұртқа көшіп келем деген қандастарымызға есігіміз айқара ашық деген еді. Содан бері ата жұртқа оралған қандастарымыздың саны 1 миллионнан асып жығылуда. Осыған орай елімізде ауқымды шара өткізіп келеді. Бұл әрине елбасымыздың саликалы саясатының арқасында деп білеміз.

Осы орайда Қазақстанға шет елдерден оралып келген білім және мәдениет, денсаулық саласының қызметкерлері қаншама дейсіз? Шыны керек, қазіргі таңда Маңғыстау облысына көршілес Түркменстан Республикасынан, Өзбекстан мен Қарақалпақстан Республикаларынан көптеген қандастарымыз көшіп келді. Бейнеу ауданының халқының 40-50 пайызын осы көш бастап отыр. Оның ішінде білім және денсаулық саласында еңбек етіп жүрген қандастарымыз баршылық. Осы орайда Бейнеу ауданының көптеген мектептерінде жас ұрпаққа білім беріп жүрген ұстаздар қауымы көз қуантарлық. Мен жас маман болып жұмысқа орналасқан 2005-2006 оқу жылында көрші Түркменстан және Өзбекстан Республикасынан қоныс аударып Үстірт орта мектебінде

тілін тез меңгеріп, өзінің саласы бойынша көптеген жарыстарға қатысып жүлделі орындардан көрініп жүрді. Жыл сайынғы ҰБТ байқауында осы ұстаздардың сүбелі үлесінің арқасында жеңістерге жетіп отырмыз десем артық айтқаным болмас. Сол көшпен бірге мектебімізге математика пәні мұғалімі И.Айдымбеков, А.Алтыбаева және бастауыш сынып мұғалімдері К.Қосанова, Б.Дузалбаева, П.Утениязова, С.Темірбеков, Т.Ықыласова сияқты бір топ ұстаздар қатарымызды толықтырды. Еліміз егемендік алып, етек-жеңін жинаған шақта елбасымыз оралмандарға өте жақсы жағдайлар жасап, жыл сайын білім және денсаулық саласындағы қызметкерлердің еңбек ақыларын кезең-кезеңімен көтеріп отырды. Қазіргі таңда басында баспанасы мен тұрар жері бар мұғалімдер саны Қазақстанның түкпір-түкпірінде еңбек етіп жүр. Біз жастар осы ұстаздарға қарап бой түзейміз, ой түйеміз. Болашақ ұрпақ тәрбиелеуде заман талабына сай сапалы білім береуге, Қазақстан Республикасының дамыған елдер қатарына қосылуына аянбай еңбек етуге күш-жігерімізді жұмсаймыз.

Мейрамгүл ДОСШИЕВА,
Үстірт орта мектебінің мұғалімі.

Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы.

Озат тәжірибе - көпке ортақ

Түйінсөз. Мақалада мектеп кітапханасында білім мазмұнын жаңартуға бағытталған инновациялық іс-тәжірибелер мен әдіс-тәсілдер қарастырылған. Мектеп кітапханасында көпшілік жұмыстарды жүргізуде оқушының ойлау қабілетін, дарындылығын және шығармашылығын дамытуға негізделген бағыттар ұсынылған.

Тірек сөздер: инновация, инновациялық әдістер, стратегиялар. Қазіргі жағдайда білім беру ұйымы өзінің білімі мен мәдениеті деңгейін үнемі көтеруге, дамытуға, өзіне әрі қоғамға пайда келтіруге және үнемі өзгермелі өмірде табысты болуға қабілетті, жоғары өнегелі, шығармашыл, сыни тұрғыда ойлайтын тұлғаны тәрбиелеу, оқыту және дамыту керек.

Жалпы еліміздің даму стратегиясы және соған сәйкес білім беру жүйесін дамыту стратегиясының негізгі міндеті – білім сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымның дамуы бағытының белгіленген басымдылығы шеңберінде білім беру мазмұнын жаңарту бойынша елеулі жұмыстар жүргізілуде. Жаңартудың негізгі мақсаты, ол – орта білімнің сапасын көтеру.

Бүгінгі күні өскелең ұрпаққа берілер білім мен тәрбие көзі өз мәнінде сапалы болуы бірінші кезекте тұрғаны анық. Осы бағытта еліміздегі бірден-бір рухани қазына ошағы – мектеп кітапханасының алар орны зор. Мектеп кітапханасы бүгінгі жаңартылған білім мазмұнының ақпарат орталығы. Жас ұрпақтың талаптарын қанағаттандыру, рухани байлығы мен жалпы қабілетін дамыту тұрғысында мектеп кітапханасының қосар үлесі бар. Мектеп кітапханасының қызмет аясын кеңейту, қорын пайдалану, соның ішінде мектеп кітапханасы – оқушыға әдебиет таңдау, оқырмандық қызығушылығын кеңейту, мұғалімге кәсіби өсуге көмектесуші, оқуға, дүниені тануға қозғау салушы болып табылады.

Мектеп кітапханасы қазіргі таңдағы жан-жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі. Оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыруға, пайдалы ақпаратқа қол жеткізуге, соның ішінде өзіне қажетті білімді іріктеп, таңдап алуға үйрету. Ол мектеп оқытушылары мен оқушыларына білімі орта құру арқылы ақпараттар көзінің мүмкіндіктерін аша отырып, ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесін қарапайым мектептердің оқу-тәрбие үрдісіне енгізу және тарату жөнінде айтылған болатын. Осы бағытта ортаңғы білім беру жүйесінде өзгерістер енгізіліп, НЗМДББҰ тәжірибесі бойынша арнайы шаралар жүзеге асуда.

Инновациялық технологиялар бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуда және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдануда негізгі мәнге ие. Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше ізденуіне қажеттілік тудыру. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсетілген. Бүгінгі таңда білім беру ұйымдарының басты міндеті – бәсекеге қабілетті, мектепте алған білімін өмірде еркін қолдана

білетін тұлға қалыптастыру.

Қазіргі білім беру жүйесінде әрбір инновациялық технологияның өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың негізгі қарастыратыны оқытуды нәтижелі ету. Педагогикалық жүйедегі негізгі өзекті мәселе – оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, өздігінен жұмыс істеуге баулу, өз ойын тұжырымдауға дағдыландыру болғандықтан сабақ барысында кеңінен деңгейлеп, дамыта оқытудың модульдік әдісін жиі пайдалану қолдау табуда. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Инновациялық технологияларды пайдалана отырып

оқушылармен жүргізілетін көпшілік шараларда қолданылатын инновациялық әдістер:

- оқу-конференциялары;
- ашық есік күндері;
- оқыту технологиялары (оқу арқылы сыни ойлау, модульдік технологиялардың жекелеген стратегиялары);
- зерттеу, жобалау әдістері;
- топтық жұмыстар;
- мәтінмен жұмыс түрлері;
- тренингтер;
- іскерлік ойындар;
- буктрейлер;
- буккроссинг жобасы.

тапханасында кеңінен қолданылатын интерактивті әдіс. Оқушылардың кез-келген тақырыптың проблемасын ашу-да немесе қандай да бір шығарманың мазмұнын талқылау мақсатында ұйымдастыруы мүмкін. Шара барысында арнайы сауалдар дайындалып, қатысушылар арасында өзара пікір алмасу орын алып, тақырыптың мазмұны ашылады.

«Іскерлік ойыны» – бұл әдіс алдымен білім беру жүйесінде емес, басқарудың тәжірибелік аймағында пайда болды. Қазіргі кезде іскерлік ойындарды түрлі тәжірибелік сабақтарда, көпшілік шараларда, зерт-

Кітапханадағы инновациялық тәжірибелер

Инновацияның негізгі бағыттары:

- Қызметтер мен өнімдер;
- Кітапханалық технологияларды енгізу;
- Кітапханалық қызметті ұйымдастыру жолдарын дамыту.

Оқушылармен ұйымдастырылатын көпшілік жұмыстарды ұйымдастыруда интерактивті әдістерді қолдану – оқушының көшбасшылық, зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға негіз болады. Төменде аталған интерактивті әдістер мектеп кітапханасын инновацияландырудың негізгі элементтеріне айналып отыр. НЗМ кітапханасы құрылғаннан бастап оқушылардың бойына жоғарыда аталған ерекшеліктерді қалыптастыруда «Миға шабуыл», «Іскерлік ойын», «Дөңгелек үстел», «Эвристикалық әңгіме», «Дискуссия» әдістерін қолдануда. Аталған әдістер өз нәтижесін көрсетуде.

- «Іскерлік ойыны»;
- Дөңгелек үстел әдісі;
- «Миға шабуыл»;
- Тренинг.

Дискуссия – бұл арнайы жоспарланған еркін сұхбат, ол арқылы теориялық сұрақтарды талқылайды. Дискуссия – сөз әрекетінің диалогты түрі. Бұл әдіс арқылы әңгіме барысында туындаған әр түрлі ойлар алмасып, пікірлер ортаға салынады. Дискуссия әдісі арнайы бағдарланған оқу бағдарламасының теориялық сұрақтарын ашық талқылау. Әдетте ол сұрақты құрастырудан басталады. Дискуссия әдісі оқу конференцияларында, топтық шараларда, семинар-дискуссияларда қолданылады.

Миға шабуыл – бұл әдіс оқыту әдісі ретінде НЗМ кітапханаларында кеңінен қолданылып келеді. Қандай да бір шараның басында шара тақырыбына сай сұрақтар қойылып, оқушылар өз пікірлерін ортаға салады.

Миға шабуылдың алтын ережесі – талқылауға қатысушылардың бірде-бір сөзіне қарсы келмей, керісінше өз ойын ашық, қысылмай жеткізуді қамтамасыз ету. Осындай жағдайда әр түрлі ойлар пайда болып, күтпеген шындыққа келмейтін ойлар айтылады. Сол үшін миға шабуыл жасалынады.

Дөңгелек үстел әдісі – мектеп кі-

теу жұмыстарында проектілік зерттеулер процесінде қолданады.

Тренинг. Бүгінгі күні білім саласында оқыту мен тәрбиелеудің түрлі тәсілдері еніп келеді. Солардың ішінде «тренинг» тиімді әдіс-тәсілдердің бастысына айналу-да. Оқыту мен тәрбиелеудің басты ұстанымы – алдындағы баланы да, жанындағы мұғалімді де, ата-ананы да тұлға деп тану. Сол бағытта тренингтерді мектеп кітапханасында қолдану кітапханашының бүгінгі күннің талабына сай жұмыстануында жаңашылдығымен ғана емес педагогикалық-психологиялық тұрғыдан да басты әдістемелік қаруы болып отыр.

Оқу арқылы сыни ойлау технологиясы – бұл әдістің мақсаты мен сипаты:

- оқушылардың тұлғалық дамуындағы сыни ойлау, коммуникативтілік, креативтілік, көшбасшылық, толеранттылық жақтарын дамыту;
- өзіндік ізденіс, шығармашылық қызметін ынталандыру;
- өз бетімен білім алуын ұйымдастыру механизмін қалыптастыру.

Топтық оқыту технологиясы.

Оқушыларға қандай да бір шығарманы оқытуда аталмыш технологияның рөлі зор. Мектеп кітапханасында ұйымдастырылатын оқу конференцияларында қандай да бір шығарманы оқытуда оқушыларды топқа бөлу әдісі бойынша топтастырып, бірнеше бөлімнен тұратын мәтінді үлестіріп, шағын шығарманы бір мезетте барлық балаға меңгертіп, мазмұнын өзара талдауға мүмкіндік береді.

Тәжірибелік сабақ үлгілері:

Мысалы, Абай Құнанбаевтың қара сөздерін оқушыларға таныстырып, насихаттауда «Дамыта оқыту» технологиясын қолдану өте ұтымды. Ақынның он жетінші қара сөзін оқушыларға осы технология көмегімен төмендегідей үлгіде меңгертуе болады.

ОН ЖЕТІНШІ СӨЗ.

І. «Ақыл», «Қайрат», «Жүрек», «Ғылым» сөздерінің дәлелдерін жазу. «... мен жүректі не үшін жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сакта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды...» сөзін қайта оқып, «Жүрек тазалығы дегеніміз не?», «Жүректің таза болмағы неден?» деген сұрақтар

қою арқылы «**Ар тазалығы – жүректе**» тақырыбына ойтолғаныс жасалады.

Оқушылар мазмұнды зерттеу, талдау, салыстыру, қолдану арқылы өз ойларымен бөлісіп, өзіндік көшбасшылық қабілеті артады.

II. Оқырман күнделігі. («Абай жолы» кітабын оқығаннан кейінгі толғаныс)

«Оқушы оқыған кітабына жауап ретінде дәптерге сол кітап туралы өз пікірін кітаппен сөйлесе отырып жазады, сонда диалог кітаппен оқырман арасында өтеді. Бұл күнделіктің мақсаты – оқушылардың оқығаны туралы ойын тыңдауға және жүйелілікпен пікір айтуға баулу. Төмендегі сұрақтар оқушыларға күнделік жазуға көмектеседі:

- Осы кітапты оқу барысында өзімді қалай сезіндім? Не туралы ойламадым?
- Кітап қалай аяқталады?
- Шындығында бұл кітапта мені нені ұнаттым?
- Кітапты оқып болғаннан кейін маған қандай жаңа ойлар келді?
- Осы кітапты оқып болғаннан кейін мен өзімді оқырман ретінде қалай бағалаймын?
- Егер мен кейіпкердің орнында болсам не істер едім?
- Мен кітапты тани алдым ба?

Кітаптағы кейіпкерлерге ұқсас адамдар менің таныстарымның арасында бар ма?

Мен сол кейіпкерлердің бірімін бе? Қай жағынан ұқсаспын?

Осы кітап және ондағы кейіпкерлер маған нені үйретті?

Осы кітаптағы қай кейіпкер маған жағымды әсер қалдырды? Неліктен? Аталмыш кітапты оқи отырып өзімнің көңілімде ұялаған қай сұраққа жауап таптым?

1-мысал:

Әселдің оқырман күнделігі: Мен кітаптың мазмұнын ұғына алдым ба?

Осы кітаптағы кейіпкерлерге ұқсас адамдар менің ортама кездесе ме?

Иә, ұғына алдым. Таныстарымның арасында емес, жалпы халық арасынан – Ділдіға ұқсайтын адамдар кездеседі. Зере менің әжеме ұқсайды екен. Ұлжанды өз анама ұқсағамын. Абай сияқты адамдар өмірде онша көп емес, жүз жылда бір туады. Сол үшін де Абай сияқты дана азаматты біздің өмірімізде кездестіру қиын.

2-мысал:

Мен сол кейіпкерлердің бірімін бе? Қай жағынан ұқсаспын?

Өзіме ұқсайтын адамды кітаптан кездестірген жоқпын. Бірақ сол кітаптағы кейіпкердің біріне ұқсағым келеді. Ол Абайдың алғашқы махаббаты – Тоғжан. Көркіне ақылы сай қыз болу – менің арманым. Яғни ақылды болу, ішкі жан-дүниенің сұлу болуы үшін көп еңбек ету керек.

3-мысал:

Осы кітап және оның кейіпкерлері маған нені үйретті?

«Абай жолы» романын оқыған адам көп тәлім алары сөзсіз. Жалпы өзіме келер болсам, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді, ата-ананы құрметтеуді үйрендім. Қызға тән қылықтарды білдім.

Сонымен, инновациялық білім беру өз құрамына жеке тұлғалық көзқарасты, білім алудың мықты негіздерін, кәсіби шеберлікті, екі мәдениеттің (техникалық және гуманитарлық) синтезін, жаңа ақпараттық технологияларды қолдануды біріктіреді.

Индира БАДАКОВА,

«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы БҚОПҚБАИ кітапханасының меңгерушісі.

Батыс Қазақстан облысы.



Жанұя, мектеп, көше – бұл әр баланың қарым-қатынас сферасының ең басты негіздері, бұл сфералардың кейбір модификациясына қарамастан, баланың қатынасу ортасы және өмірлік тәжірибесі аз, қажеттілігі кішігірім, еркіндік оянуы мағынасыз, соған байланысты оның ішкі әлемі тіршіліктің салмақты қамымен, әлеуметтік жауапкершілікпен былғанбаған, қоршаған орта жабық немесе басқа кейіпте фантазия секілді қалыптасқан. Баланың ақылына барлығы қызық болып көрінеді. Өйткені өмірден алынған әсерлер түрлі болып келеді.

Бұрынғы кездегідей қазір де балалар мейірімге, жанашырлыққа бейім: өр көкіректік, қызғаныш, ең күшті тұлға болуға ұмтылу секілді қасиеттер бар. Олар келеңсіз жағдайларды тез ұмытса, табыстарын ұзақ уақыт есте сақтайды. Олар пәктігімен, өзінділігімен, тез өкпелегіштігімен ерекшеленеді. Бірақ бала есейген сайын өз сезімдерін көрсетуге ұялады. Осыдан көрініп қалатын дөрекілік, жоғары және терең сезімдерін ашық елеу, өз-өзін қандай бағамен болса да көрсеткісі келу пайда болады. Мұғалімге әсіресе өз тәрбиеленушілерінің кейбіреулерінің жанұясындағы, достарымен немесе оқудағы келеңсіз жағдайы болған кездері қиын тиеді. Бұның барлығы өз оқушылармен байланыс кезінде жоғары педагогикалық мәдениетті, шыдамдылықты, әдептілікті, ең бастысы тәрбиеленушімен болып жатқан жағдайды түсіне білуді талап етеді.

Мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы өзара байланысты, келісілген әр түрлі формада, түрде және жағдайда іске асатын байланыстың тізбегін ұсынады. Бұл тізбекте ерекше рольді мұғалім өткізетін сабақ атқарады. Кез-келген пән тәрбиелеу

ісіне белгілі бір негізде әсер етеді. Ол рухани байланысу, өз ойларымен алмасу, салмақты түрде әңгімелесу. Дегенмен, сабақтың мазмұны есте қалу, мұғалім мен оқушының ашық қатынасуы үшін сабақ үйретудің сапалы жұмысын әрқашан қадағалау қажет. Сабақ оқытудың мәселесі – бұл психологиялық қатысудың мәселесі және «бұны психологиялық қарым-қатынастың негізіне көңіл аудармай шешу мүмкін емес» - деп белгілі психолог А.Н.Леонтьев айтқан. «Әрбір мектептегі сабақ қарым-қатынас түрі ретінде ақпаратпен алмасу, осымен қатар немесе осымен бірге бір бұрышында басқаша ұйғарылуы, кез-келген сабақ – іскер қарым-

білмейді. Кейде мұғалім ата-ананың жоғары жұмыс орнына, жасына, даңқына қарап жасқанады. Ата-анамен (кез-келген категориядағы) қатынаста мұғалімнің киналуы оның зиялы әңгіме жүргізе алмауына байланысты.

Анықтап қарасақ педагогқа балаға баға қою мен мінезі туралы әңгімеден басқа тақырып жоқ секілді. «Мектеп тақырыбынан» басқа әңгімеден, жан-жақты сөйлесуден мұғалімнің алар ақпараты байланысқа көп әсер береді. Ашық талқыланған ата-ананың өз балаларына қатынасы емес тақырыпта әңгімелесуі, мұғалімнің олар туралы көзқарасын жөндеуге, кейбір жағымсыз ақпараттарды қай

қатынасуы туралы ақпаратты көп алуға тырысыңыз. Бұдан әдептілік, сұрақ қою, ақыл сұрау, өтініш айту – ата-анаға, оның психологиясына өте жақсы әсер етеді. Олар өз балаларымен жетекшінің нәтижелі жұмыс істейтіндігін түсінеді және бұл мұғалімге көмектескісі келеді. Содан сіз туралы ойланғыш, әдепті деп түсінген ата-ана өзі де, баласын да сізді ойлауға, сізбен теңбе-тең қатынасуға шақыратындығына сенімді болуыңызға болады. Әрине, мұғалім ата-анамен әңгімесінде оған ақыл, ұсыныстар беруіне тура келеді. Бұны ешқашанда үзілді-кесілді формада жасамаңыз. Ақылды мысал ретінде келтіріп беріңіз. Бұл үшін

тәрбиелейтін, жауапкершіліктен қашатын жағдайлар да кездеседі. Бұл ерекше жағдай. Сенім мен ақылдасу әдістерінің күші жоқ жерде, нақты іс-әрекетті қолданып, көмекке заң күшін, көпшілік көзқарасын, халық пен мемлекет ұйымдарының белсенділерін шақыру қажет.

Мұғалім мен ата-ананың өзара іскерлік қатынасы тез арада өздігінен келе қоймайды. Олар мұғалімнің саналы, мақсатты бағытталған, творчестволық жұмысы – оның нәтижесінде келеді. Ата-анамен байланысты тек қана мамандық міндеті деп емес, қызықты, білімді көп тоқыған әңгімелесушім деген ойменен жасаған дұрыс. Ата-анамен жан-жақты байланысу формасы – ол мұғалімнің педагогикалық мәдениетінің көрсеткіші. Ата-ана мен педагогтың қатысуында араласқым келсе араласам, болмаса араласпаймын деген таңдау – ереже бойынша жоқ. Оқушының жеткілікті жақсы жақтары үшін, оның рухани көңіл күйі үшін мұғалімге бұл таңдау бір мағыналы болып келеді, бұл жерде адамдық қарым-қатынастың өнерінен айналып өту мүмкін емес.

Әр баланы рухани керемет күш иесі деп қарап, оның шетсіз шексіздікті үйренсем деген ұмтылысына уақтылы көңіл бөліп, демеу жасасақ, қуаттандырсақ, жүрегі нұрға толы, жан-жағына шуағын шашып тұратын, мейірімді, адамгершілігі мол, үнемі талпынып тұратын, өз елін, жерін, тілін отбасын сүйетін, еңбекқор адал адам тәрбиелеп шығарамыз деп сенемін. Ондай бала басқаға жан жылуын жеткізе алады, барын ортаға салады, өзін танытады, өзгені де бар күйінде мойындайды, кешірімді болады. Бала тәрбиелеуде ата-ананың ықпалы зор, барлық жасыл желектер күн көзіне қарап бой түзейді. Олар көлеңкені сүймейді. Артық бұтақтар мен арам шөптерді қыркып, отап отырсаңыздар екендеріңіз түзу, алқабыңыз жайнап тұрары сөзсіз. Бала да сол. Оған ақыл-кеңес, өнегелі әңгіме, мейірім керек. Олай болса, ағайын, бала тәрбиесі тек отбасында ата-аналық парызымыз ғана емес, Отан алдындағы борышымыз екенін естен шығармайық.

Марал
МУРЗАГАЛИЕВА,
Кешкі /ауысымды/ ОЖББ
мектептің мұғалімі.

Батыс Қазақстан облысы,
Ақжайық ауданы.

Жетекшілік қатынасы

кезде және қалай жеткізудің жөн екенін табуға көп көмек береді.

Мұғалім ата-анамен үй жағдайында қатынасу тиімдірек. Көптеген мұғалімдер оқушы қиын, әлсіз, кінәлі болса ғана пәтерлеріне барады. Бұл дұрыс емес. Барлық жақсы немесе жаман оқитын оқушылардың үйлеріне барып тұруы қажет. Ата-ананың «мектепте ол не істеп қойды?» деген сұрағына жауап беріп, алдын ала баратындығы туралы ескертіп қою керек.

Кейбір педагогтар ата-анамен әңгімелесу кезінде өзінің барлық шағымын бірден алдына тартуға тырысады. Бұлай жасауға болмайды. Бұдан ата-ананың (баласына ғана емес, өзіңізге де) ашуланғанынан басқа нәтиже ала алмайсыз. Сіздің ең алғаш жүргізген әңгімеңіз бала туралы бақылағаныңыз, ойыңыз, алған әсеріңіз туралы болуы қажет. Баланың жағымды және жағымсыз қиындықтары бірден талқыланбасын, әлі ешқандай акцентті жасауға асықпаңыз. Абайлап бастаңыз. Ата-ананың тәрбие, талап қалаған жағдайы туралы бағасын, көзқарасын анықтап алыңыз. Ең алғаш үйіне бару кезінде ата-ананың баласы туралы оның жан-жақты мінезінің ерекшелігі, қылығы, ортасы, күн тәртібі, үлкендермен өзара

басқа ата-ананың тәрбиесінде бар жағымды тәжірибені қолдануға болады. Осымен қатар нақты жағдай, нақты тұлға болғандықтан, ата-анаға да ойлану, күдіктену өрісін қалдыру қажет. Егер ата-ана сізбен келіспесе, қарсы шыкса оларға оқушы туралы шағым айтуға, ашулануға, шыдамсыздық көрсетуге, шектен шығуға болмайды. Осындай әңгімелесуде байқаусыздасығып кеткен, жетік ойланылмаған сөздермен біреуді өкпелетуге, тіл тигізге, әділдікті бұзуға өзіңізді жібермеңіз, ол кезде байқап өз сөзіңізді жан-жақты жөнмен айтуға тырысыңыз. Әйтпесе сіз өзіңіздің тәрбие беру жұмысыңыздағы сенімді серігіңізден, ата-ана мен өз оқушыларыңыздың жақсы көзқарасынан мәңгі болмаса да, ұзақ уақытқа айырыласыз. Сіз ата-анамен олардың баласы жөнінде сөйлесуге келгеніңізді есте сақтаңыз, сіздің міндетіңіз – тәрбиелеу күштеріңізді біріктіруге бағытталған тығыз байланыс жасау. Осыдан ата-ана педагог емес екенін есте сақтай отырып оларға мектеп пен жанұяның талабын біріктіру ойын тастайтын әңгімеге бұрып, ата-анаға педагогпен бірігіп мінез-құлық бағытын жасауға көмектесу қажет. Әрине кейбір ата-ана өз баласына кері қылық көрсетіп, тән және ой денсаулығына қарсы

Тапқыр болсаң, тауып көр

Интеллектуалды ойын

Оқушылардың ой-өрісін шындай отырып, дүниетанымын кеңейтіп, химияға қызығушылығын арттыру мақсатында

Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатта химия пәні мұғалімі Куралай Жумагулова 8-сыныптар арасында «Бинго» интеллектуалды ойынын өткізді. Әділқазы мүшесі ҚМПИ химия кафедрасының оқытушысы, химия магистрі Эльмира Ергалиева болды.

Ойын барысында оқушылар «Алғашқы химиялық ұғымдар» тауы бойынша алған білімдері мен дағдыларын көрсетті. Сонымен қоса, тек химия пәнінен ғана емес, география, тарих пәндерінен логикалық сұрақтар қарастырылды.

Нәтижесінде «Бинго» ұтысына Айзада Сабыржанова, Даулет Жанатаев, Камила Сайдалиева және «Джекпот»

ұтысына Тамирис Есханова, Жанкумис Султанова ие болды. Сонымен қатар, «Арнайы сыйлық» иеленгендер: Алихан Утегенов, Азамат Балтабаев, Қайырлы Сапабек болды.

Ойын барысында қатысушылар арасында «Сықырлы қобдиша» сергіту сәті өтті.

Аталмыш ойында оқушылардың интеллектуалдық деңгейі, ойлау, есте сақтау қабілеттері, нақты және тез, жүйелі шешім қабылдау, өз ойын еркін жеткізу шеберліктері артты. Оқушылардың химия пәніне деген талпыныстары одан әрі арта түсті деген ойдамыз.

Э. АРДАКОВА,
А. АХМЕТ,
А. МОЛДАШОВА,

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының
жаратылыстану-математика факультеті, химия
мамандығының 4-курс студенттері, машықтанушылар.
Қостанай қаласы.



Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы А Т Т Е С Т А Т Т А Ғ Ы Ө З Г Е Р І С Т Е Р

«Қайнар» мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Қамбарова Айнұр Файзуллақызы тәжірибелі, бірінші санатты ұстаз. Осы мақалада Айнұр Файзуллақызы биылғы оқу жылында мектеп бітірушілердің қорытынды аттестатындағы өзгерістердің бір түрі – ана тілінен эссе және эссені қалай жазу туралы таныстырып өтті.

Ж.Нұсқабаев, Мақтарал ауданының білім бөлімінің әдіскері.

Биылғы оқу жылында ана тілі мен әдебиеті (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан эссе түрінде өткізіледі, оған 3 астрономиялық сағат бөлінеді.

Мектеп бітірушілерге таңдау үшін 10 тақырып беріледі; эссе тақырыптары берілген конверттер емтихан басталғанға дейін 15 минут бұрын ашылады; эссе көлемі – 250-300 сөз. Эссе тақырыптарын ҚР Білім және ғылым министрлігі анықтайды.

Эссе – ол тақырыпты түпкілікті және толық қамтуға есептелмеген нақты мәселе бойынша жеке көзқарасты білдіретін шағын көлемдегі, еркін композициялық прозалық шығарма. Эсседі ауқымды мәселелердің талдауы болмайды. Ол бір мәселе бойынша жаңа, субъективтік көзқарас болып табылады, ондай шығарма философиялық, тарихи-биографиялық, публицистикалық, әдеби-сынни, ғылыми-көпшілік немесе беллетристикалық сипатта болуы мүмкін. Эссенің мақсаты – өзіндік шығармашылық ойлау және сол ойды жазбаша бере білу дағдыларын дамыту. Эссе мазмұнында ең алдымен ойды нақты және сауатты тұжырымдау, ақпаратты жүйелеу, негізгі түсініктерді қолдану, себеп-салдар байланысын және тәжірибені нақты мысалдармен көрсете білу, ойларын қорытындылай білу бағаланады.

Эссе құрылымы оған қойылатын мынадай талаптармен анықталады:

- эссе авторының ойлары проблема бойынша қысқа тезистер ретінде беріледі;
- ойлар дәлелді болуы тиіс, сондықтан тезистерден кейін дәйектер жазылады.

Дәйектер – қоғамдық өмірден алынған фактілер, оқиғалар, өмірлік жағдайлар мен өмірлік тәжірибелер, ғылыми дәлелдер, ғалымдардың пікірлеріне жүгіну және т.б. Өрбір тезиске екі дәйек келтіріледі, себебі бір дәйек келтіру көп жағдайларда жеткіліксіз, үш дәйек ықшамдыққа және көркемдікке бағытталған жанрда жазылған шығарманы «ауыратуы» мүмкін.

Сонымен, эссенің құрылымы (тезистер мен дәйектердің саны тақырыпқа, құрылған жоспарға, ойды дамыту логикасына байланысты болады):

- кіріспе;
- тезис, дәйектер;
- тезис, дәйектер;
- қорытынды.

Кіріспе және қорытынды бөлімдерде қарастырылып отырған проблемаға назар аударуы қажет (кіріспеді мәселе қойылады, қорытындыда автордың ойы нақтыланады). Эссе тіліне эмоционалдық, экспрессивтік, көркемдік тән екенін оқушылардың түсінудің аса маңызды. Сонымен қатар, эсседе сленгті, шаблонды фразаларды, сөздерді қысқартудан аулақ болу қажет. Эссені жазуда қолданылатын тіл жеңіл қабылданатындай болуы тиіс.

Эссені жазудың формальді ережесіне сәйкес атауының болуымен ерекшеленеді. Эссенің ішкі құрылымы еркін болуы мүмкін. Бұл жазба жұмысының шағын түрі болғандықтан, соңында қорытындылауды міндетті түрде қайталау талап етілмейді, олар негізгі мәтіннің немесе атауының ішіне енгізілуі мүмкін. Дәйектеме мәселені тұжырымдаудың алдында болуы мүмкін. Мәселені тұжырымдау соңғы қорытындымен сәйкес келуі мүмкін.

Эссе жазу барысында мынадай типтік қателіктер жиі кездеседі:

- ұзақ кіріспе;
- детальдар санының жетіспеушілігі;
- мысалдары суреттелмей берілген пайымдаулар;
- көпөзділік, себебі, эссе көлемі нақты мөлшермен шектелген;
- автордың шынайы ойын көрсете алмайтын ұзын сөйлемдердің болуы, қайта керісінше қысқа сөйлемдер үлкен әсер қалдырады.
- Эсседі ұзын сөйлемдер мен қысқа сөйлемдер ауысып отырса, ол өте тиімді болады;
- ғылыми терминдерді қолдану, энциклопедиялық сөздерді келтіру эссені түсінуді ауырлатады және оқушының назарын басқа жаққа аударады, эссенің мәні төмендейді.

Мектеп бітірушілерді қорытынды аттестаттау мазмұнына қойылатын талаптар, бағалау өлшемдері

Эссе түрінде өткізіледі

«Ана тілі мен әдебиеті» (оқыту тілі), «Алгебра және анализ бастамалары» және «Қазақстан тарихы» пәндері бойынша мемлекеттік бітіру емтихандарына емтихан материалдарын ҰТО әзірлейді.

Ана тілі мен әдебиетінен (оқыту тілі) мемлекеттік емтихан белгілі құрылымға сәйкес топтастырылған әр түрлі мәселелерді құрайтын он тақырыптан тұратын эссе түрінде беріледі: бесеуі – әдеби тақырып, бесеуі – еркін тақырып болып табылады.

Эссенің әдеби тақырыбы таңдалған жағдайда авторлық ұстанымға сүйенуге және өзіндік көзқарасты тұжырымдау ұсынылады. Тезистерін әдеби туындыларға сүйене отырып, дәйектеу қажет.

Эссенің еркін тақырыбын таңдаған жағдайда өз ұстанымын көркем туындылардың мазмұнына да, сондай-ақ өз өмірлік тәжірибесіне де (жеке әсерлерге, жеке ойларға, білімдерге және т.б.) сүйенумен дәйектеуге болады.

Сондай-ақ, білім алушылар үшін қысқаша нұсқаулар қоса тіркеледі.

Емтихан жұмысының құрылымы және мазмұны.

Әдеби тақырып «Әдебиет» курсының шеңберінде оқытылған көркем туындыларды талдаумен байланысты. Олар емтихан материалында екі әдеби дәуірлердің: XIX ғ. және XX ғ. әдебиеті туындылары болатындай таңдалған. Сонымен бірге көркем туындылардың әдеби түрлері және жанрлары алуан түрлі келтірілген.

Мектеп бітіруші поэзиямен байланысты эссе тақырыптарын кем дегенде екі өлеңнен мысал келтіре отырып ашуы тиіс. Кіші эпикалық нысанды туындылармен байланысты эссе тақырыптары бір-екі туындының мысалында ашылады (олардың саны бітірушінің өзінің қалауына қарай ұлғайтылуы мүмкін).

Еркін тақырыптар философиялық немесе адамгершілік мәселесі бойынша эссе жазуды болжайды. Тақырыптардың біріне пікір-эссе жазған кезде мектеп бітіруші көркем туындылардың мазмұнына да, өзіндік өмірлік тәжірибеге де (жеке сезімдер, тақырыпқа меншікті ойлар және т.б.) сүйенумен дәйектер келтіруі мүмкін.

Мәдениет өкілдерінің бірінің пікірін білдіретін дәйексөз түрінде тұжырымдалған эссе тақырыптары еркін пайымдауды негіздейді, ол пікірдің әділдігін растайтын дәйектерді де, сондай-ақ, басқа көзқарастың болу мүмкіндігін дәлелдейтін қарама-қарсы дәйектерді де қамтуы мүмкін.

Ұсынылған эссе тақырыптарының тек біреуін таңдау қажет, содан кейін 250-300 сөз көлемінде таңдап алған тақырыпқа эссе жазу керек. Эссенің композициясын мұқият ойластыру қажет.

Эссені анық және түсінікті етіп, сөйлеу тілі нормаларын сақтай отырып жазу қажет.

Емтиханға қатысушыларға орфографиялық және түсіндірме сөздіктерді, афоризмдер жинағын қолдануға рұқсат етіледі.

Емтихан жұмысының ұзақтығы.

Ана тілі мен әдебиетінен емтихан жұмысын орындауға 3 астрономиялық сағат беріледі. Оқу пәндері бойынша емтихан жұмысын орындаудың ұзақтығына дайындау шараларына бөлінген уақыт енебейді (оқушыларға нұсқау беру, емтихан материалдарын тарату, емтихан жұмыстарын толтыру).

Қазақ (Орыс, өзбек, тәжік) тілінен емтихан нәтижелерін бағалау (жазбаша нысан).

Емтихан жұмысын бағалау үшін тапсырмалардың белгілі бір типіне сәйкес келетін бағалау өлшемдерінің кешені пайдаланылады: әдебиет тақырыбына эссе жазу, еркін тақырыпқа эссе жазу.

Эссені тексерген кезде мынадай дағдылардың қалыптасу деңгейі бағаланады:

- мәтінді ұсынылған тақырыпқа сәйкес жазу;
- эссенің тезистік-дәлелді бөлігін өзіндік

пікірін келтіре отырып, ойын логикалық баяндауы;

- дәйектелген пікірді келтіре отырып, сенімді дәйектерді таңдау; қойылған мәселелерге автордың қатысын анықтау, өз ұстанымын басқа көзқараспен салыстыру;
- эссенің түріне, жанрына және тақырыбына сәйкес тілдік құралдарды таңдауды жүзеге асыру; мәтінді әдеби тіл нормаларына сәйкес ресімдеу.

Оқыту тілінен емтихан жұмыстарын бағалауға келесі талаптар ұсынылады:

- емтихан жұмысы аталған өлшемдер бойынша бастапқы баллдарды қосу және оларды бағалаудың бес баллдық жүйесіне ауыстыру жолымен бағаланады;
 - әдеби тақырыпқа және еркін тақырыпқа жазылған эссе төменде келтірілген кестеде көрсетілген өлшемдер бойынша бағаланады.
- Емтихан жұмысының нәтижесін шығаратын баллдар төмендегі ережелерге негізделіп анықталады:
- егер екі емтихан алушының қойған баллдары сәйкес келсе, онда бұл баллдар қорытынды балл болып табылады;
 - егер екі емтихан алушының қойған баллдарында болмашы айырмашылық анықталса, онда қорытынды балл сандары дөңгелектеу ережелеріне сәйкес дөңгелектеумен екі емтихан алушының орташа арифметикалық баллдары ретінде анықталады;
 - егер екі емтихан алушы қойған баллдарда маңызды айырмашылық анықталса, онда қосымша (үшінші) тексеру тағайындалады.
- Екі емтихан алушы қойған баллдардағы маңызды айырмашылық – 8 және одан көп баллдардағы айырмашылық болып табылады.

Нысан	Бағалау аспектілері	Баллдары	Ең жоғары бастапқы балл
Эссе	Мазмұны	10	18
	Сауаттылығы	8	

Эссе мазмұны төмендегі кестеде көрсетілген өлшемдер бойынша бағаланады. Эссе бағаланатын өлшемдердің арасында бірінші өлшем (эссе тақырыбын ашу тереңдігі және пікірлердің сенімділігі) негізгі болып табылады. Егер бірінші өлшем бойынша эссе 0 ұпайға бағаланса, онда тапсырма орындалмаған болып саналады және басқа өлшемдер бойынша бағаланбайды.

Еркін тақырыпқа жазылған эссенің мазмұнын бағалау өлшемдері	
Бағалау өлшемдері	Балл
Эссе тақырыбын ашу тереңдігі және пікірлердің сенімділігі	
Емтихан тапсырушы эссе тақырыбын ашады, өз көзқарасын тұжырымдайды, өз тезистерін сенімді дәлелдейді, шығарма мәтінінен мысалдар келтіреді	3
Емтихан тапсырушы эссе тақырыбын ашады, бірақ тезистер жеткіліксіз сенімді негіздемейді, шығарма мәтінінен ұсынылған тезиспен тікелей байланысты емес мысалдар келтіреді	2
Емтихан тапсырушы эссе тақырыбын ашпайды, шығарма мәтінінен мысалдар келтірілмеген, өзіндік пікірі мәтінде негізделмеген	0
Емтихан тапсырушының эссе тақырыбы бойынша өз пікірін дәйектеуі	
Емтихан тапсырушы эссе тақырыбына сәйкес келетін мәселе бойынша өз пікірін білдірді және осы пікірді растау үшін кем дегенде екі дәйек келтірді	3
Емтихан тапсырушы эссе тақырыбына сәйкес келетін мәселе бойынша өз пікірін білдірді және осы пікірді растау үшін тек бір ғана дәйек келтіреді	2
Емтихан тапсырушы эссе тақырыбына сәйкес келетін мәселе бойынша өз пікірін білдірді, бірақ дәйектер келтірген жоқ, немесе емтихан тапсырушының пікірі жұмыста көрсетілген жоқ, немесе емтихан тапсырушы өз пікірін эссе тақырыбына сәйкес келмейтін мәселе бойынша білдірді	1
Эссенің композициялық тұтастығы және логикалық берілуі	
Эссе композициялық тұтастығымен сипатталды, пікірлердің бөліктері логикалық байланысты, ой біртіндеп дамиды, дәлелденбеген қайталаулар мен логикалық жүйелілігінің бұзылулары жоқ	3
Эссенің бөліктері бір-бірімен логикалық байланысты, бірақ композициялық тұтастықтың бұзылуы орын алған: ой қайталанатын, және/немесе баяндау жүйелілігі бұзылған (оның ішінде пікірдің ішкі ой бөліктерінің), және/немесе эссе тақырыбынан ауытқуы бар	1
Эсседі композициялық түпкі ой бақыланбайды, және/немесе жүйелі баяндауда өрескел қателіктер жіберілген, және/немесе эссенің бөліктері және ішкі бөліктердің ішінде байланыс жоқ	0
Еркін тақырыпқа жазылған эссе үшін қойылатын ұпайлардың өлшемдер бойынша ең жоғары саны	9

Әдеби тақырып және еркін тақырып бойынша сауаттылығы және сөзінің нақты дәлдігі төмендегі кестеде көрсетілген өлшемдермен бағаланады.

Сауаттылығы және сөзінің нақты дәлдігін бағалау өлшемдері	
Емтихан тапсырушының сауаттылығын және сөздерінің нақты дәлдігін бағалау өлшемдері	Балл
Орфографиялық нормаларды сақтау	
Орфографиялық қателер жоқ, немесе бір қате ғана жіберілді	2
Екі-үш қате жіберілді	1
Төрт (КГ Б) бес (ЖМБ) және одан көп қате жіберілді	0
Пунктуациялық нормаларды сақтау	
Пунктуациялық қателер жоқ, немесе екі қате ғана жіберілді	2
Үш-төрт қате жіберілді	1
Бес және одан көп қате жіберілді	0
Грамматикалық нормаларды сақтау	
Грамматикалық қателер жоқ немесе бір қате жіберілді	2
Екі қате жіберілді	1
Үш және одан көп қате жіберілді	0
Сөйлеу нормаларын сақтау	
Сөйлеу қателері жоқ немесе екі қате ғана жіберілді	2
Үш-төрт қате жіберілді	1
Бес және одан көп қате жіберілді	0
Өлшемдер бойынша эссе баллдарының ең жоғары саны	8

Төменде бес баллдық жүйе бойынша эссені бағалаудың қайта санау шкаласы келтірілген

Әдеби тақырыптағы эссені бес баллдық жүйе бойынша бағалау шкаласы				
Бағалаудың бес баллдық жүйесі бойынша баға	«2»	«3»	«4»	«5»
Мазмұны	0-3	4-6	7-8	9-10
Сауаттылығы	0-2	3-4	5-6	7-8

Еркін тақырыптағы эссені бес баллдық жүйе бойынша бағалау шкаласы				
Бағалаудың бес баллдық жүйесі бойынша баға	«2»	«3»	«4»	«5»
Мазмұны	0-3	4-5	6-7	8-9
Сауаттылығы	0-2	3-4	5-6	7-8

* ҚР Білім және ғылым министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Мектеп бітірушілердің қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру және дайындау бойынша» әдістемелік ұсындамадан.

Айнұр ҚАМБАРОВА,
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Мақтарал ауданы.

Қайран әке... Кейде осы бір үш әріптен тұратын әке сөзі баласы үшін ғана айтылмаса керек. Өз ауылына өлшеусіз еңбек сіңірген, еңбегімен еті өлген, қамқоршы жанды әке тұтуға боларлықтай. «Жақсы әкенің аруағы қырық жылға азық» болары анық. Жанұяға он алты баланы әкелген асқар таудай әке, қызметінде жанын бере жұмыс

Эссе Қайта келмес нар тұлға

жасай білетін жайсаң жан, ақындық жолында ағынан жарылатын үлкен жүректі әкенің қалдырған іздері екені даусыз. Қайта келмес Ихсанов Бақыт атаны нар тұлғалы азаматқа теңеуіміздің өзі жайдан-жай емес. Орта ғана бойлы жүрегі аппақ қардай таза, жаны нәзік, еш адамға қылдай қиянаты жоқ адал да мәрт ағаның ақ жолдан айнымайтын батылдығы мен мәрттігін нар тұлғаға теңесек артық айтқан болмас едік. Сексен бес жасқа келген Бақыт ағаның арманы әлі де асқақ еді. Жүз жасаған бәйтеректей тамырын тереңге тартып, бойлап кетсе де, біз үшін азық ететіндей. Мұқағали ақын: «Сен биікте тұрсын деп төмендегем» - дегендей, басқалардың назын, еркелігін көтере білді. Жанұяда қамқор әке, аяулы жар бола білген жан. Бақыт ағаның жақсы адам ретінде танылуына, қызметінде жауапты болуына аяулы жарының үлесі орасан зор. Жұбайы ақкөңіл, адал, мейірімді, қонақжай, ақ жүректі ана. Ел анасы қандай болуы керек десеніз, мақтанышпен атауға болатын асыл аналарымыздың бірі осы – Кәмеш апа.

Бақыт аға ортамыздан кетсе де, артына қалдырған ізі – жазған өлеңдері мен ұрпағы мәңгі жасамақ. Жақсының аты өлмейтіні, ғалымның хаты өлмейтіні деген осы.



А. ИЛҮЯШЕВА,
«М.Әуезов атындағы орта мектебі» КММ мұғалімі.

Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы.

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

ҚР Тәуелсіздігіне 25 жыл, ҰОС аяқталғанына 71 жыл, Ауған соғысының аяқталғанына 27 жыл, Кеңес Одағының Батыры, ҚР Халық Қаһарманы, ҚР Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, әскери жазушы, полковник Б.Момышұлының туғанына 105 жыл толды.

«Мен де адаммын, жаралған сүйек-еттен, Менде ар бар, менде ой бар жан тербеткен.

Халқымның қарапайым

бір ұлымын,

Жанымды арым үшін құрбан еткен», - деген тақырыпта Шелек ауылының әкімінің орынбасары Мәди Бектасов мырзаның қолдауымен, ардагер ұстаз Әсет Алжанбайдың ұйымдастыруымен Шелек ауылындағы екі колледж студенттері, сегіз орта мектеп оқушыларымен Масақ, И.Тайыров орта мектептері шақырылған кездесу

ауылының тұрғыны 96 жастағы Ұлы Отан соғысының ардагері Петр Лукич Чебоненко, Шелек аймағындағы Ауған соғысы мен Чернобыль АЭС апатын ауыздықтауға қатысқан ардагерлермен бірге Райымбек, Еңбекшіқазақ ауданының «Құрметті азаматы», Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Еңбекшіқазақ ауданы ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары, Шелек селолық ардагерлер кеңесінің төрағасы Еңбекшіқазақ аудандық

колледж, сегіз орта мектеп, бір музыка мектебі, бес балабақша, аурухана, дәріхана жұмыс істейтінін, ауыл экономикасы күннен күнге көтеріліп келе жатқаны туралы айтып берді. Құрметті қонақ болып бірінші рет Шелек ауылына арнайы шақыру мен кездесу жиынға келгені үшін полковник Серікбаев Ким Серікбайұлы қонақтарды кездесуге шақырған Алжанбай Әсет Көшербайұлына әкімнің «Алғыс хатын» тапсырып, құрметті қонақтардың

кше көңіл бөліп жүрген К.Серікбаев атамыз мәжіліс залында толып отырған студенттер мен оқушыларға ақ батасын беріп, жасым 82-ге келседе әлі әскери сапта тұрмын дегенінің өзі оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие береді.

Медеу аудандық ардагерлер кеңесінің мүшесі Роза Кунирова 28-панфиловшыларға арналған өлеңді қазақшаға аударып патриоттық ән етіп, жерлестер ерлігін кейінгі ұрпақ мақтанышпен айтуға мұрындық

ішіндегі алапаты болғанын, халықтың бірлігінің арқасында жеңіске жеткенін, өзінің майдан жолынан әңгімелей келіп, енді Тәуелсіз Қазақстанның көк туы биік желбіреп, бейбітшілік заман болсын деп сөзін аяқтады.

Осы республика деңгейіндегі кездесу жиынның өтуіне атсалысқан Мәди Бектасовқа, құрметті қонақтарды шақырған Әсет Алжанбайға «Отан патриоты» медалін полковник К.Серікбаев тақса, Талғат Бижанов пен Рашиджан

Джалаловқа «Батыр Шапағаты» медалін Көпесбай Жанпейісов тақты. Изимжан Гаитовке «Армия генералі С. Нұрмағанбетов» медалін полковник Серік Шалов тағып, ризашылықтарын білдірді.

Келген қонақтар студент, оқушылардың қойған көптеген сұрақтарына жауап берді. Кездесуге келген қонақтар

Ардагерлер

аралымызда

өтті. 10, 11-сынып оқушылары әскери формаларын киіп, алғашқы әскери дайындық пәні (АӨД) мұғалімдерінің басшылығымен Шелек ауылындағы орталық Мәдениет үйінде республика деңгейінде кездесу жиын болды. Оған Президент, Парламент аппаратында және басқа ұйымдарда қызмет атқарған, Алматы қаласындағы ҚР Ардагерлер ұйымының мүшесі, ҚР еңбегі сіңген қайраткер, әскери ғылымның докторы, профессор, полковник Серікбаев Ким Серікбайұлы, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің әскери қызмет және тыл еңбеккерлерінің Алматы қалалық кеңесі қоғамдық бірлестігінің

қоғамдық бақылау кеңесінің мүшесі, «Құрмет белгісі» орденінің иегері Айтақынов Әбілбек ақсақал бастаған ауыл тұрғындары, ұстаздар, ата-аналар, «Еңбекшіқазақ» газетінің тілшісі Бердібаев Анарбек қатысты. Кездесу жиында Айтақынов Әбілбек ағамыз және Т.Кенжебаев орта мектебінің жоғары санатты АӨД пәнінің оқытушысы лейтенант Бижанов Талғат жүргізе отырып, келген қонақтарды таныстырды. Мәдениет үйінің директоры Беков Ринат «Б.Момышұлы 105 жыл толуына байланысты» профессор К.Серікбаевтің басшылығымен жасалған үлкен плакатты қазақ,



иығына қазақтың киелі шекпенін жапты.

Ардагерлер кеңесінің төрағасы Айтақынов Әбілбек осы ауданнан қанша адам соғысқа аттанып, қаншасы шейіт болғанын, Шелек ауданынан 5 жауынгер Кеңес Одағы Батыры атанғанын айтты. Ағамыз Ұлы Отан, Ауған соғысы туралы айта келіп, аудандағы 80 мектептің алтауы батыр аталарымыздың атымен аталса, ауданымыздағы бір мектеп Ауған соғысы ардагері А.Н.Бубенцов атымен аталатынына тоқталды. Сол мектепте АӨД мұғалімі болған Әсет Алжанбай ініміз Кеңес Одағының 2 Батырымен және Парламент Мәжілісінің 2 депутаты, Ұлы Отан соғысы, тыл, еңбек ардагерлерімен бірге 5 генерал, ҚР Қарулы Күштерінің офицерлері, әскери курсант және 50-ден аса Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу жиын өткізді. А.Н.Бубенцов орта мектебінде өткізген іс-шаралары газет-журнал арқылы облыс, республика оқырмандарына таратылды. Бүгін Шелек ауылындағы 2 колледж, 10 орта мектептің әскери шенді АӨД мұғалімдерінің басын қосып тағы бір республика деңгейінде кездесу жиын өткізгеніне ризамын. Еңбекшіқазақ газетінің бас редакторы Ахметжанов Хайролламен, мені 1979 жылы Алматы қаласындағы жоғары партия мектебінде екі жыл оқытқан полковник Серікбаев Ким ұстазымды өз аулымда көргеніме қуаныштымын. Осы кездесуді ұйымдастырған Мәди мен Әсет ініме өз атымнан, ауыл тұрғындары, ұстаздар, студенттер оқушылар атынан үлкен рахмет айтамын деп сөзін аяқтады.

Сөз алған профессор К.Серікбаев машинадан түскен бізді екі қатар сапқа тұрып қарсы алған АӨД пәні оқытушылары мен студенттер, және 10-11 сыныптағы оқушыларды әскери формада көріп риза болдым. Себебі, әскери-патриоттық тәрбие ауылдарында жоғары деңгейде деп бағалаймын.

Осы кездесуге себепкер болған, біздерді шақырып, алып келген Әсет ініме сүйіспеншілігімді білдіремін. «Батырлығымен дүние жүзінетанылған Б.Момышұлы туралы көптеген жазушылар кітап жазды. Мен ол кісінің өзін көріп, сөзін естіген адаммын» - деп, Батыр Момышұлы туралы біз естімеген, оқымаған тың деректерден сыр шертті. Әскери-патриоттық тәрбиеге ере-

болғанын жеткізді. Кездесу жиынға қатысқан екі колледж, он мектеп кітапханаларына «Мәскеу түбіндегі ерлік» туралы жазылған 16 кітапты сыйға берді. Алматы қалалық ардагерлер кеңесі қоғамдық бірлестігінің төрағасы (полковник) 1-дәрежелі капитан Көпесбай Жанпейісов Отан қорғаудағы ерлік еш уақытта ұмытылмайтынын соңғы кезде кейбір тоғышарлар тарихи шындықты жоққа шығарып, қазақстандықтардың Мәскеуді қорғағанын бұрмалап көрсеткісі келетіні, 28 панфиловшылар саябағының атын өзгерту керек деп бүйректен сирақ шығаруы, бөтен дінге еріп ел арасына ірікті салуға әрекеттенушілердің орын алғанын ашына айтты. Алматы қаласынан және Алматы облысы Талғар қаласынан жасақталған жауынгерлер алғаш рет неміс басқыншыларына тойтарыс беріп, жеңістің жеделдеуіне жол ашқан ерлікті нақты мысалдармен дәлелдер келтірді. Сөз алған полковник Серік Шалов залда отырғандарды бірден өзіне қаратып ұлағатқа толы жыр жолдарымен жүректерге жеткізіп жол тапты. Полковник К.Серікбаев ағамыз 1988-1991 жылы Алматы қаласында Республикалық Б.Момышұлы әскери мектеп-интернатын басқарып, мектеп-интернатқа Б.Момышұлының атын бергізіп, Б.Момышұлының ескерткішін бірінші қойғызған. 1991-1992 жылдары ҚР Қарулы Күштерінің құрылуына еңбек сіңірген қайраткер, оқытушы, ұстаздың 40 тан аса генерал шенін алған әскери қызметкер шәкірттері бар екенін айта келіп, Еңбекшіқазақ ауданындағы Еңбекшіқазақ газетінің бас редакторы Ахметжанов Хайролламен, қасымызда отырған Айтақынов Әбілбек сияқты аудан-облысқа беделді азаматтарды оқытқанын тілге тиек етті. Шелек ауылдық модельді кітапханасының меңгерушісі Үмбетова Мадина Б.Момышұлы туралы бірсыпыра тәрбиелік мәні зор әңгімені сөзге тиек етті. Ауған соғысына қатысқан Чернобыль АЭС апаттарын ауыздықтауға қатысқан ардагерлердің арамды бейбіт еңбекке араласып жүргенін, олардың ерліктері де жастарға өнеге екенін сөз етті.

Шелек ауылының тұрғыны Ұлы Отан соғысының ардагері 96 жастағы Петр Лукич Чебоненко кездесуде Ұлы Отан соғысында елдің жұдырықтай жұмылып жауға қарсы тұрғанын, екінші дүниежүзілік соғыс адамзат ғұмырында болған қырғындардың

студенттер мен оқушылардың бойына ұлтжандылық, жігер-қайрат пен патриоттық тәрбиенің дәнін себе білді.

Шелек аймағының ардагерлер кеңесінің төрағасы музей қорын сақтаушы Әбілбек Айтақынов келген қонақтарды Шелектегі тарихи-өлкетану музейіне арнайы ертіп барып қонақтарға көрсете отырып таныстырды. Шелек ауылының тарихы XVI ғасырдан бастау алады. Шелек ертеден ел қоныстанған көне қалалардың бірі болып саналады. Қазба жұмыстары кезінде мыс құман, күміс шақалар, т.б. табылған құнды заттар сол кезде өмір сүрген адамдардың жоғары мәдениеті мен тұрмыс-салтынан хабар береді. Шелек ауылының атауыда сан рет өзгерді, Шілік, Қоянды, Зайцова деп ең соңынан Шелек деген атқа ие болды. Музейдің танымдық зерттеушілік жұмыстарымен қатар оның оқу-ағартушылық саласына үлкен мән берілген. Шелек өңірі ғана емес, Жетісу жерінің тарихы мен қоғамдық өмірінің әр кезеңін қамтитын, екі мыңға жуық жәдігер жинақталды. Үш мәрте Еңбек ері, қоғам және мемлекет қайраткері Д.А.Қонаевпен және басқада елімізге танымал әдебиет, өнер қайраткерлерімен кездескен, әңгімелескен сәттері белгіленген көркем фотосуреттер музей залынан өз орнын тапқан. Шелек ауданында туып-өскен, қызмет істегендер Ұлы Отан соғысына қатысқандар, ауданнан шыққан бес Кеңес Одағының Батыры және Ауған соғысы ардагерлері, Еңбек ерлері, Тыл ардагерлерінің халыққа танымал азаматтары туралы музейге қойған заттары XIX-XX ғасырлардан сыр шертеді.

К. Серікбаев музей журналына естелік жазып қалдырды. Ұлы Отан соғысы ардагері Петр Лукич Чебоненко, Әбілбек Айтақынов ақсақалдар бастаған Мәди Бектасов, Әсет Алжанбай, Ринат Беков, алғашқы әскери пәні оқытушылары рахметтерін айтып қонақтарды көтеріңкі көңілмен шығарып салды.

Махмутжан ЖАЛЕЛОВ,
«Өрлеу» «Біліктілікті Арттыру Ұлттық Орталығы» АҚ филиалы
«Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» «Тәрбие және тұлғаны әлеуметтендіру» кафедрасының аға оқытушысы. Алматы облысы.



төрағасы (полковник), 1-дәрежелі капитан Жанпейісов Көпесбай Оразбайұлы, Медеу ауданының ардагерлер кеңесінің мүшесі Кунирова Роза Имашқызы, ҚР Қарулы Күштерінің ардагері, полковник Шалов Серік Токсейітұлы, ардагер ұстаз, капитан Алжанбай Әсет Көшербайұлы, Шелек

орыс тілдерінде сахнаға іліп қойды. Дайындаған концерттік бағдарламасы да көпшіліктің көңілінен шықты.

Сөз кезегін бірінші болып алған Шелек ауылының әкімінің орынбасары Мәди Бектасов өзі жұмыс істейтін Шелек ауылында 35 мыңнан аса халқы бар бұрынғы аудан орталығында екі

Жер-жерден

Аталып өтті

Ұлттар татулығы мен бірлігін жана деңгейге көтеретін ерекше 1-наурыз – Алғыс айту біздің мектебімізде де аталып өтті.

Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күнімен тұспа-тұс келген бұл мереке ұлыстар достығын нығайта түседі дейді мамандар. Сонымен қатар екінші рет аталып отырған бұл мереке Абай негізгі мектебінде дәстүрге айналды.

Мерекелік іс-шарада оқушылар

бір-біріне, ата-анасына, ұстаздар қауымына ықыласпен алғыс айтып, ақ тілектерін жаудырды. Науқан барысында мектеп ұжымы осындай талантты да талапты оқушыларымыздың бар болғанына алғыс айтып, кішігірім сыйлық сыйлады.

Айғаным БЕКТУРОВА,
Абай жалпы білім беретін мектебінің мұғалімі.
Павлодар облысы,
Железин ауданы.

Өзекті мәселе

Пайдалы кеңес

Маңғыстау аудандық жастар ресурстық орталығының бастамасымен және аудандық орталық аурухананың қолдауымен Ақпараттық насихаттық топ құрылды. Топтың мақсаты – шетпелік жастарға, оның ішінде қыз балалар мен жасөспірімдерге гинекологиялық-психологиялық консультациялық кеңес беруді ұйымдастыру және еліміз бойынша өзекті болып отырған ерте жыныстық қатынастың алдын алуды түсіндіру, ақпараттық қолдау таныту болып табылады.

Топ құрамында гинеколог Сандуғаш Бөлекбаева, психолог Ботағоз Темирәлиева, балалар дәрігері Мейрамгүл Заханова және орталық мамандары бар. Топтың алғашқы кездесуі Шетпе гимназиясында өткізілді. Кездесу тақырыбы: «Ерте жыныстық қатынастың зардаптары».

Кездесуде С. Бөлекбаева: «Ерте жыныстық қатынас әйел адам

денсаулығына кері әсер ететін дүние. Әр нәрсе өз орнымен болуы керек. Деректерге сүйенсек облыста 2015 жылы 14 жасқа толмай түсік жасатқан жастар 2, ал 15 жасқа толмай түсік жасатқан 3 адам болды. Мұның өзі баршаны алаңдатып отыр», - деді.

Сондай-ақ орталық маманы Назгүл Жалғасбаева «Ұлт денсаулығы қыздардың қолында» баяндамасын, М.Заханова «Жасөспірімдер денсаулығы басты назарда», Б.Темирәлиева «Ата-ана – бала қорғаны» атты баяндамаларын оқыды.

Жастар өздерін мазалаған сұрақтарын қойып, тұщымды жауаптарын алған соң, «Гинекология салдары» атты деректі фильм көрсетілді.

Дина ӨТЕПБЕРГЕНОВА,
Маңғыстау аудандық жастар ресурстық орталығының маманы.
Маңғыстау облысы,
Маңғыстау ауданы.

Балалар құқығы

Маңызды шара

Республикалық бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн акциясы Маңғыстау ауданында өткізілді. Арнайы акция аптаған ыстықта баланы жұмысқа жегудің алдын алу үшін ұйымдастырылды. Шараны ұйымдастырушы аудандық Жастар ресурстық орталығы мен аудандық білім бөлімі. Орталық мамандары бала құқығын тапталпаудың жолдарын қарастырып, ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Ауданда бала еңбегін қанауда Шетпеге вокзал мен Инбет ойындарымен айналысатын ұйымдар көш бас тап тұр. Бала бақытты өмір сүруге, денсаулығын сақтауға, білім алуға, ойын ойнап, дем алуға құқылы. Ал Орталық Азияда балаларды көбінесе садақа сұрауға, ұрлық жасауға, мақта теруге, құрылыс жұмыстарына, саудасаттыққа жұмсайды. Бұл өз кезегінде баланың құқын шектеп, денсаулығына зиянын тигізеді. Әсіресе, жазғы демалысында ата-анасы аяусыз жұмсап, жұмысқа жегеді.

Аудандық білім бөлімінің бас маманы Жұлдыз Байтұрғанованың айтуынша: «Таң ертеннен кешке дейін базарда, темір жол вокзалында су, бәліш, картоп не помидор сатқызу бала еңбегін қанауға жатады. Өйткені 16 жасқа толмаған бала күніне 2,5 сағат қана жұмыс істеуі тиіс. Бұл ретте қадағалаушы органдардың жұмысын күшейту керек».

Осындай келеңсіздіктерді болдырмау мақсатында ұйымдастырушылар Шетпеге қатаң тексеру жұмыстарын жүргізуге бел байлап отыр. Бала ұлттың болашағы болғандықтан, дұрыс өсіп, тұлға ретінде қалыптасуы маңызды. Оларды қорлау мен зорлаудан қорғау 12 күндік жұмыс емес әрине. Бұл маңызды шараны алдағы уақытта да жаз мезгілінде тұрақты жүргізуді қолға аламыз деп отыр ұйымдастырушылар.

Дина ӨТЕПБЕРГЕНОВА,
Аудандық жастар ресурстық орталығының маманы.
Маңғыстау облысы.

Спорт – денсаулық кепілі

Ұлыстың ұлы күні 22 наурыз мерекесіне орай аудандық жастар ресурстық орталығының бастамасымен және аудандық білім үйлестіру орталығының қолдауымен ұлттық Тоғызқұмалақ ойындарынан жастар арасында аудандық турнир өтті. Командалық

дары» командасы місе тұтты. Белсенді жастар ынталандыру сыйлықтарына ие болды. Жарыс жеңімпаздары «Аудандық жастар ресурстық орталығы» КММ-нің грамоталары, медальдары және кубоктарымен марапатталды.

«Бүгінгі шара жастардың руха-

Ұлттық ойын ұлықталды

есеппен ойнатылған жарысқа 1999-2002 жылдары туылған қыздар мен ұлдар қатысты. Жарысқа тікелей басшылықты, сондай-ақ бас төрешілікті аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің Тоғызқұмалақ бөлімшесінің жаттықтырушысы Сабақбай Тілегенов атқарды. Аудан бойынша барлық ауылдардың командалары белсене қатысты. Әсіресе Тұщықұдық, Жармыш, Жыңғылды ауылдарынан келген командалар ойындары тартысты өтті.

Бірінші орынды Жармыш ауылының жастарынан құралған «Жармыш қырандары» командасы иеленсе, екінші орынды шетпелік «Алшын ұлдары» командасы, ал үшінші орынды Тұщықұдық ауылының «Тұщықұдық тарлан-

ни және салауаттылық өмірін дамытуда ерекше үлес болды. Қазіргі ғаламтор дендеген заманда осындай ұлттық ойындарымыз ұмыт болып бара жатқаны жасырын емес. Осы ретте мен балалар мен жастарға ұсыныс айтқым келеді. Ол ұсынысым ләңгі тебу мен асық ойнау. Бұл бала физиологиясының дамуы мен ақыл-ой, сана-сезімін ұтқырлық пен ұшқырлыққа бағыттайтын басты ойындар. Сондықтан осы бағытта да жастармен жұмыстану керек деп ойлаймын» - дейді Маңғыстау аудандық «Тоғызқұмалақ» ойындарының үйірме жетекшісі С. Тілегенов.

Ләззат ҚАРАҒҰЛОВА,
Жастар орталығының маманы.
Маңғыстау ауданы.

Волейболдан жарыс өтті

Жуырда аудан мектептерінің қызметкерлері арасында Халықаралық әйелдер мерекесі күніне арналған волейболдан жарыс өтті. Жарыстың мақсаты: мектеп қызметкерлерінің спортқа деген қызығушылығын арттыру. Жарыстың ашылу салтанатында ауданымыздың білім бөлімінің басшысы О. Наурызбаев және жасөспірімдер және балалар спорт бөлімінің бастығы А. Гарабаев сөз сөйлеп, әйел-қыздар мерекесімен құттықтап, жарыс қатысушыларына сәттілік тіледі.

Жарысқа Күйкен, Үстірт, Манашы, Спорт мектебі және Бейнеу орта мектептерінен нәзік жандылар қатысты. Спорт мектебі мен Күйкен орта мектебі бастап берген жарыстың алғашқы айналымында жақсы нәтиже көрсеткен командалар ширек финалға өтті. Ойын соңында әділқазылар алқасы I орынға лайық деп өте жақсы ойын көрсеткен Спорт мектебінің қыздарын марапаттады, II орынды Күйкен орта мектебінен келген аруларға бұйырды. Өте жақсы ойын көрсеткен мұғалімдерден Б. Джанаева, Г. Ибрашова, З. Чибентаева, Г. Озғанбаева, Р. Кубукулиева және Н. Әсетоваларды атап өтсем болады. «Әйел бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» дегендей, осындай асыл жандардың спортта да белестерге жеткеніне тағы бір кезек куә болды.

Маңғыстау облысы.

Шынықсан шымыр боласын

Әуезов ауданындағы №141 жалпы білім беретін мектепте дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен спорт тақырыбына жарыстар жиі өтіп тұрады. Осындай шара өткен жылы «Отбасы күніне» орай, үлгілі отбасылар арасындағы бірлік пен татулықтың сабақтаса дамуын қамтамасыз ету және салауатты өмір салтын қалыптастыру, насихаттау, спорттық ойындарды дамыту өскелең ұрпақ тәрбиесінің әр-түрлеріне ата-аналарды қалыптастыру мақсатында, «Бар әлем жанұяда» атты спорттық эстафеталық жарысы өткізілді.

Эстафеталық жарыстың шарты бойынша уақытты ұтымды пайдаланған, 4 отбасы командасының арасынан ең жүйрік, ең икемді, ең шыдамды, ең ұйымшыл, ең белсенді деген жеңімпаздарды анықтау үшін отбасы командалары бірнеше ойын түрлерінен жарысты. Ойынның барлық түрлерінен сүрінбей, өте жылдам аяқтаған командаларға төрешілер әділ бағасын беріп, жеңімпаздарға жүлделер тағайындалды.

Динагуль КЕРИМОВА,
№141 жалпы білім беретін мектептің мұғалімі.
Алматы қаласы.



Ж. ТАПАЛОВА,
Үстірт орта мектебінің мұғалімі.

Менің иесі: “Қазақстан мұғалімі” ЖШС

Бас редактор
Мынажадин
СЕРМАҒАМБЕТОВ
Тілші
Гүлжанат ИХСАНОВА
Беттеуші
Айнұр ЖАШИБАЕВА

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
050052, Алматы қаласы, Садовый бульвар көшесі, 1А
(Жандосов және Яссауи көшелерінің қиылысы).
ТЕЛЕФОНДАР: Бас редактор: 8 (727) 293-61-59.
Бөлім: 8 (727) 293-61-43, 8 (727) 390-06-33.
Моб.: 8 705 776 24 86
E-mail: kazmugalimi@mail.ru. Сайт: kazmugalimi.kz
Газет “Алматы-Болашақ” АҚ баспаханасында басылды. С.Мұқанов көшесі, 223 “В” үй.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №150 куәлік берілген.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Газетті жарияланған материалдарды редакцияның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды. Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді. Жарнама мәтінінің мазмұнына жарнама беруші жауапты. Газет материалдары “Қазақстан мұғалімінің” компьютерлік орталығында теріліп, беттеледі.

Газет индексі 65354. Таралымы 1000. Тапсырыс 447.
М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10